

12 ШІЛДЕ,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№74 (23 543)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Туризмге талап
күшейеді



Серпіліс сыйлаған
серіктестіктер



Арқа абыройын
асқақтатты



2-бет

5-бет

8-бет

• РЕСМИ

Орталық қайта оралады

Қарағандылықтар үшін жағымды жаңалық. Қазыбек би ауданының №3 Халыққа қызмет көрсету орталығы көпшілікке таныс бұрынғы мекенжайына, С.Мұқанов көшесі, 5-үйге қайта көшіріледі.

Бұл ғимарат тұрғындарға жақсы таныс. Он жыл бұрын дәл осы жерде аталған орталық орналасқан болатын. Енді 2025 жылғы 14 шілдеден бастап, тұрғындар бағыдай мемлекеттік қызметтерді дәл осы мекенжайдан алады.

Қазір бұл нысанды мамандандырылған ХҚКО пайдаланып отыр. Мұнда жүргізуші куәлігін алу үшін емтихандар қабылданып, дайын куәліктер беріледі. Енді №3 ХҚКО осы ғимаратпен бөлісе отырып, толыққанды жұмысын жалғастырады. Ал әзірге, 14 шілдеге дейін орталық Шахтерлер даңғылы, 5/2 мекенжайында жұмыс істей бермек.

Қаланың басқа бес ХҚКО-ы өз орындарында өзгеріссіз жұмысын жалғастыратынын атап өткен жөн.

Бұл орталықтардың қызмет көрсету уақыты да әртүрлі. Мысалы, №5 ХҚКО дүйсенбіден жұмаға дейін таңғы 09:00-ден кешкі 20:00-ге дейін, ал, сенбі күні 09:00-ден 13:00-ге дейін жұмыс істейді. Қалған ХҚКО-лар азаматтарды жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін қабылдайды.

Өз тілшімізден

Тұрмыстық зорлыққа тосқауыл бар

2025 жылдың алғашқы бес айында балаларға қатысты жыныстық қол сұғылмаушылықты бұзу қылмыстарының саны 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21,3%-ға азайды. Ауыр қылмыстар – 8%-ға, аса ауыр қылмыстар – 19%-ға қысқарды.

Былтыр Президенттің бастамасымен әйелдердің құқықтарын қорғауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңнақты шараларды енгізуге жол ашты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заң аясында әйелдер мен балаларға қатысты барлық зорлық-зомбылық актілері үшін жауапкершілікті күшейтетін, отбасы институтын нығайтатын, көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін арттыратын нормалар енгізілді. Нәтижесінде зорлық-зомбылық пен қатыгездікке қарсы әрекет ету жүйелі сипат алды және алғашқы оң нәтижелер байқала бастады.

Алдын ала ескертусіз тексерулер жүргізу туралы норманың



маңызы зор болды. Бір жыл ішінде балалардың құқықтарын қорғау комитеті 58 тексеру жүргізіп, 1 500-ден астам баланың құқығын

қалпына келтірген. 24 ұйым басшысы әкімшілік, 78 маман тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Еліміздің барлық өңірінде

психологиялық қолдау орталықтары ашылып, биылдан бастап, бұл орталықтар 50 мыңнан астам азаматқа, соның ішінде, зорлық-зом-

былықтан зардап шеккен балалар мен ата-аналарға көмек көрсетті.

► 3-бет

Қарағандыдан ТМД-ға дейін

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жалпы, аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек. ...Біз полипропилен және полиэтилен шығаратын ірі өндірістік жобаларды жүзеге асыра бастадық. Бутадиен, карбамид, терефтал қышқылын өндіруге арналған басқа да болашағы зор жобалар қолға алынып жатыр», – деп отандық өндіріс саласының мән-маңызына ерекше тоқталған еді. Қарағандыдан басталған «JAKKO»-ның жеңісті жолы бүгінде ТМД елдеріне дейін созылып жатыр. Түркиядан бастау алған өндіріс көшіп келіп, Сарыарқаның төсінде тамырын тереңге жайды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инженерлік жүйелер нарығындағы көшбасшы

Қарағанды зауытының қаппасы ашылған күннен бері пластикалық құбырлар мен инженерлік жүйелер нарығында жаңа белес орнады. Енді бұл бренд тек өнім шығарушы ғана емес, саланың көшбасшысы ретінде мойындалып отыр. Алдағы уақытта үшінші зауыттың Ақтөбеде ашылуы компанияның кең ауқымды жоспарының бір бөлшегі ғана. «JAKKO» – сапа мен сенімнің, заманауи технология мен отандық өндірістің айқын көрінісі десек, дөп түсетіндейміз. Компания өз тарихын 2002 жылы бастаған. Ол кезде бұл ұйым сумен жабдықтау, жылыту және көріз жүйелеріне арналған инженерлік шешімдерді ұсынатын шағын сауда компаниясы ретінде құрылды. Жылдар бойғы табанды еңбек пен білікті басқарудың нәтижесінде кәсіпорын өз саласында сенімді серіктес ретінде танылып, нарықтағы орнын нығайта



түсті. Бүгінде аталмыш компания жай ғана саудамен айналысатын жөнекей ұйым емес, толыққанды сауда-өндірістік құрылымға айналған алпауыт кәсіпорын. Оның

құрамында Қарағанды қаласында орналасқан заманауи технологиялармен жабдықталған жеке өндіріс зауыты жұмыс істейді. Сонымен қатар, Ресейдің Жаңасібір

инженерлік жүйелер саласының дамуына қосқан қомақты үлесінің бір көрінісі. Заманауи стандарттарға сай өнімдер мен клиентке бағытталған ұстаным – кәсіпо-

(Новосибирск) қаласында да өндірістік қуаты жоғары тағы бір зауыты бар. Зауатты зауыттар инженерлік жүйелерге арналған сапалы өнімдерді шығарып, ішкі нарықпен қатар, сыртқы нарыққа да кеңінен жеткізуде. Компанияның қарқынды дамуы мен өндірістік әлеуетінің артуы отандық



**ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...**

рынның басты артықшылықтарының бірі.

Түркиядан басталған жол

Инженерлік жүйелер саласындағы танымал брендке айналған «JAKKO» компаниясының табысты тарихы 2007 жылдан бастау алады. Сол жылы Түркияның ірі өнеркәсіп орталықтарының бірі Стамбул қаласында алғашқы зауыт салтанатты түрде ашылып, қысқа уақыт ішінде инженерлік жүйелерге арналған 600-ден астам атаулы полимерлік өнім түрлерін шығара бастаған. Жоғары сапа мен заманауи өндірістік стандарттарға негізделген өркенді өнімдер қысқа мерзімде халықаралық нарықта сұранысқа ие болды. Ал, 2009 жылы компания басшылығы стратегиялық шешім қабылдап, Қазақстанның өндірістік жүрегі саналатын Қарағанды қаласында жаңа зауыт салу туралы байыпты бастама көтерді. «JAKKO» Қарағанды жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылып, Түркияда жинақталған тәжірибе мен технологиялар толықтай жергілікті өндіріс үдерісіне бейімделді. Осы айқын қадам компания үшін жаңа кезеңнің бір бастауына айналды.

► 4-бет

• ЭКОЛОГИЯ

Жұдырықтай жұмылды

Саран қаласында Балықшылар және балық шаруашылығы қызметкерлері күніне «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқаны аясында «Жасыл ел» еңбек жасақтарының қатысуымен «Таза Ел – Таза Болашақ» атты экологиялық акция ұйымдастырылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күні 70-тен астам белсенді тұрғын қаланың шетінде орналасқан су қоймасына жиналып, айналаны тап-тұйнақтай етіп ретке келтірді.

Саранда бастау алған «Таза Қазақстан» экологиялық науқанына 75-ке жуық түрлі мекеме мен ұйым өкілдері, мектеп оқушылары, студенттер және жай ғана камкор тұрғындар өз үлесін қосты. Қатысушылардың саны 5 000-нан асып жығылды.

Қала аумағындағы саябақтар мен гүлзарлар қоқыстан тазартылып, тарихи-мәдени ескерткіштердің маңайы абаттандырылды. Сонымен қатар, көктемгі көгалдандыру жұмыстары қарқын алып, 5 000-нан астам жасыл көшет егілді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 612.34

•USD/KZT 518.97

•RUB/KZT 6.58

•CNY/KZT 72.54

Қазақстан Ұлттық Банкінің
11 шілде, 2025 жылғы дерегі бойынша

Туризмге талап күшейеді



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Мемлекет басшысы Үкіметке қысқа мерзім ішінде елдегі барлық туристік бағыттың жағдайын ретке келтіріп, олқылық жіберген лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тартуды тапсырды. Бұл туралы Президент кеңесшісі – баспасөз хатшысы Руслан Желдібай хабарлаған болатын. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мемлекеттік органдар мен ведомстволар өкілдерінің қатысуымен жиын өткізіп, инфрақұрылым, сервис, баға, қауіпсіздік сияқты барлық бағыттар бойынша проблемалар белгіленді.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысы туристер келетін орындарды тәртіпке келтіруді тапсырды. Маусым қызу жүріп жатыр, сондықтан, барлық кемшіліктерді жедел түзету керек. Өткен демалыс күндері Балқашта қалыптасқан жағдай күрделі мәселе туғызып, барлық мемлекеттік органдардың қатаң назарын талап етеді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. – Жыл сайын біз демалушылардың ағынын байқаймыз. Бірақ, іс жүзінде сервис пен инфрақұрылым деңгейі сәйкес келмейтінін көріп отырмыз. Адамдар бұл мәселелерді орынды көтереді.

Ол өз аймақтарын күтіп ұстауға қатысты бизнестің жауапкершілігі зор екенін атап өтті.

– Біз сервитуттар жасадық – енді әркім жағажайға еркін бара алады. Бірақ, бизнес не істейді? Көптеген кәсіпкерлер аумақтың жағдайын қадағалауды тоқтатып, бәрін әкімдікке жүктеді! – деді облыс әкімі. – Мысалы, Тораңғалықта бір жағалау сызығы 16 кәсіпкерге бөлінген, нәтижесінде құтқару бекеттері де, медпункттер де жоқ. Егер жалға алушылар өз аймақтарын қалыпта ұстауды қамтамасыз ете алмаса, мұндай жағажайларды коммуналдық меншікке қайтарамыз.

Сондай-ақ, демалушыларға өз қатерлері мен скутерлерін ұсынатын кеме иелеріне қатаң бақылау орнату қажет. Судағы ойын-сауық демалушылардың қасында орналасқан, бұл қауіпті.

Тағы бір мәселе – қызмет көрсету саласы мен баға саясаты. Кәсіпкерлер бағаны қалай қаласа, солай көтереді. Мемлекеттік кірістер департаменті туристік бизнестің ашық болуы үшін құқықтық алаң аясында жұмысты күшейтуі қажет. Сервиске келетін болсақ, бизнестің



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

өзі оны дамытуға мүдделі болуы тиіс. Туризм басқармасы шеберлік сабақтарын өткізу бойынша қолдау көрсетуге дайын. Санитарлық инфрақұрылым да назардан тыс қалған жоқ. «Қарағанды-Балқаш» тасжолында дәретханалардың жоқтығына қатысты шағымдар көп. «ҚазАвтоЖол» жоспарланған төрт санитарлық-тұрмыстық пункттің біреуін ғана іске қосты, қыркүйекке қарай тағы екеуін енгізуді уәде етті. Ермағанбет Бөлекпаев бұл жұмысты жеделдету қажеттігін атап өтті. Полиция департаментінің хабарлауынша, «Қарағанды-Балқаш» тасжолында 17 автопатруль кезекшілік етеді. Қауіпсіздікті бақылау үшін олардың саны тағы да артады. Қарқаралыдағы туристер жағдайына қатысты кемшіліктер де талқыланды.

– Қазір біз Балқаш пен Қарқаралы бойынша проблемалық мәселелерді айқындадық. Бірақ басқалардың да босануына болмайды. Теміртау мен Абай ауданы әкімдерінің назарын аударғым келеді: қазір сіздердің де су қоймаларыңызда демалушылар көп. Ақтоғай ауданы да солай. Санитарлық аймақтар, кокыс шығару, тұрақтар – осының бәрі біздің назарымызда. Ал, біздің ең басты міндетіміз – туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету! – деп түйіндеді Ермағанбет Бөлекпаев.

Туристік маусым кезінде демалыс орындарында дәрігерлер де, полиция де тұрақты кезекшілік етуі тиіс. Облыс әкімі таяу күндері барлық бағыттар бойынша жан-жақты талдау жасауды тапсырды.

Кәсіпке демей бар

Биыл Ақтоғай ауданында кәсіпкерлікке серпін беретін тарихи қадам жасалды: аудан әкімінің гранттарына алғаш рет рекордтық 20 миллион теңге бөлінді. Бұл – жай ғана сома емес, бұл – ауылдағы әлеуетке, азаматтардың арманына берілген нақты қолдау.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл осы қаржы жеті әлеуметтік жобаға қанат бітірді. Оның ішінде жартылай фабрикалар мен жылыжай өнімдерін өндіру, нау-байхана, әлеуметтік дүкен сынды халыққа тікелей пайдасы бар бастамалар бар. Бұл жобалардың арқасында 17 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Аудан әкімдігі бұл бастамаларды жай ғана қолдап қоймай, ауыл мен қала арасындағы байланысты нығайтудың нақты жолдарын қарастыруда. Соның жарқын



Сурет облыс әкімінің сайтынан

дәлелі – «САПА MIX» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі. Бұл – ауылда өсіп, қалаға бағыт алған ірі жобалардың бірі. Кооператив Қарағанды қаласынан фермерлік дүкен ашпақ. Бұл бастама Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тапсыр-

масымен жүзеге асуда.

– Дүкен жақын арада Қарағандыда ашылады, қазіргі уақытта қажетті жабдықтар жеткізілуде. Фермерлер өз өнімдерін қала тұрғындарына тиімді бағамен жеткізетін болады, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.



Ал, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әлеуметтік бағыттағы жобаларға әрдайым дайын екенін жеткізді:

– Біз ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыратын кез келген бастаманы қолдауға дайынбыз. Қиындықтарыңызды жасырмай айтыңыздар, қолдан келгенше көмек береміз, – деді ол.

Былтыр аудан көлемінде 14 әлеуметтік нысан ашылып, 16 жаңа жұмыс орны пайда болған. Биылғы қарқын одан да үмітті.

Ауылдан басталған тірлік – ел болашағының негізі. Ақтоғайлықтар соны іспен дәлелдеп келеді. Ертенгі күнге сенім де осыдан туындайды.

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Тұрғын үйге – тұрақты газ

Теміртауда жылу маусымы енді бұрынғыдан қауіпсіз, экологиялық әрі үнемді болмақ. Қалада орталықтандырылған газ желісі кезең-кезеңімен тартылып, мыңдаған тұрғын үй табиғи газға қосылуға жақын. Бұл – қала өмірі үшін үлкен серпіліс қана емес, әр отбасының жайлы тұрмысы үшін маңызды өзгеріс.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстағы ең ірі өнеркәсіптік қаланың бірі – Теміртауда газдандыру қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Қазіргі таңда қала бойынша 6 500-ге жуық жеке тұрғын үйді газбен қамтамасыз ету жоспары жүзеге асырылып жатыр. Бірнеше учаскеде газ тарату желілерінің құрылысы жалғасуда.

Бүгінгі күні жұмыстың негізгі бөлігі Лазо көшесінде. Мұнда екінші іске қосу кешенінің үшінші кезегі аясында 600-ге жуық үйді газға қосу көзделген. Құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер ұйымның директоры Арсен Хамитов жобаның барысы ту-

ралы таратып айтты.

– Құрылыс жұмыстарына 2024 жылдың қазан айында кірістік. Жоба екі жылға есептелген, бірақ, біз белгіленген мерзімнен кешікпей, кестеге сәйкес жұмыс істеп жатырмыз. Бірінші жылы желілердің негізгі бөлігі тартылды. Қазір нысандардың шамамен 30%-ы дайын тұр. 50 жұмысшы, 6 инженер және 18 арнайы техника жұмылдырылды. Ресурс жеткілікті, кедергі жоқ, жұмыс қарқыны жақсы, – дейді ол.

Дерекке сүйенсек, Теміртаудағы газдандыру жобасы 2020 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Ол үш кезеңге бөлінген және сегіз іске қосу кешенін қамтиды. Бүгінге дейін Соңқала, Ескі қала,

Нұра өзенінің оң жағалауы сияқты алты кешен бойынша жұмыстар толық аяқталған. Қазір «АБВ», «9а», «Дружба» және «Отрадное» шағын аудандарында құрылыс жүріп жатыр.

Теміртау қаласы әкімдігі құрылыс бөлімінің сектор меңгерушісі Нұркен Әбілдинов газдандыру жұмысының белсенді жүріп жатқанын айтады.

– Барлық жоспарланған жұмысты жыл соңына дейін аяқтауға ниеттіміз. Қазірдің өзінде 3 500-ге жуық үй газға қосылды. Оның ішінде, 2 000-ға жуық тұрғын белсенді түрде пайдаланып отыр. Газға қосылу, қосылмау – әркімнің өз еркі. Дегенмен, тұрғындардың қызығушылығы өте жоғары. Көптеген тұрғын көмірмен жылытудан арылып, қауіпсіз әрі тиімді отын түріне көшуді асыға күтуде.

Жұртшылық газ жүйесінің қолжетімділігіне ризалығын жасырмайды. «Отрадное» шағын



Сурет облыс әкімінің сайтынан

ауданының тұрғыны, зейнеткер Гүлзира Қалмұратова көп жылдан бергі арманның орындалып жатқанын айтады.

– Осы үйде отыз жыл тұрдық. Қыста пеш жағу – қиынның-қиыны. Ағаш, көмір тасу, құл шығару қажытып жібереді. Газ келгенде өміріміз жеңілдеп қалды. Үй іші де таза, жылы. Жолдасым да,

• КЕЗДЕСУ

Мәжіліс назары – ауылда

Қарағандыға Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы, «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев іс-сапармен келіп, аудандарды аралады. Депутат аймақ журналистерімен де арнайы кездесу өткізіп, өңірдегі ауыл шаруашылығы саласына қатысты мәселелерді қозғап, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-сапар Осакаров ауданына қарасты Озерное ауылындағы «Токсұмақ» агротуристік базасынан басталды. Мұнда агротуризмнің даму барысы, декоративтік көгал өсіру жобасы таныстырылды. Кездесу аясында ауыл туризмі саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың келешегі талқыланып, депутат шетелдік агротуристермен пікір алмасты.

Бұқар жырау ауданындағы Самарқанд ауылында жаңадан пайдалануға берілген амбулаторияның жұмысы таныстырылды. Ауыл тұрғындары электр желілерінің тозуы және тарифтердің жоғарлап кетуі секілді мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, мәдениет үйінің бүгінгі жағдайына да шағым білдірді. Депутат өз кезегінде мәсе-

тапшылығы жөнінде нақты ұсыныстар айтылып, салада басқару жүйесін өзгерту керектігі талқыланды.

Бұқар жырау ауданының орталығы Ботакарада жөнделіп жатқан мектеп, оның сапасы мен мердігер жұмысы да назардан тыс қалмады.

«Достық» үйіндегі өңірлік актив жиынында партия мүшелері, сарапшылар, қоғам белсенділері, жастар ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Мұнда ауыл әкімдерінің құзыретін арттыру, жергілікті білім мен медицина саласын күшейту, ауыл мектептеріне интернаттар салу, фермерлерге нақты көмек көрсету секілді ұсыныстар айтылды.

Серік Егізбаев «Ауыл» партиясы азықтүлік қауіпсіздігіне баса мән беретінін айтты.

– Қарағандыдағы балалар ауруханасына барғанымда, балалар арасында түрлі аллергия мен ау-



Сурет ашық деректен

ленің барлығы партия бақылауына алынатынын айтты.

Осы ауылда 51 жылдық еңбек өтілі бар медбике Жұмақұл Алкеева партия қатарына қабылданып, еңбегі еленіп, Денсаулық сақтау министрі тарапынан марапатталды.

Депутат Абай ауданына қарасты «Шанс» шаруа қожалығына да ат басын бұрды. Мал шаруашылығы, суару жүйелері, қысқы азық дайындау сынды нақты мәселелер назарға алынды.

«Жосалы» санаторийінде халықпен жүздесу өтті. Мұнда шипажай жұмысы мен 27 шақырымдық жолдың жағдайы көтерілді.

Қарқаралыдағы сапар киелі Құнанбай қажы мешітінен басталды. Бұдан кейін «Бұғылы» таулы-шаңғы кешені құрылысы мен «Қарқаралы-Бәйтерек» мемориалдық галереясын аралады.

Аудандық аурухананың жағдайы, оның ішінде, материалдық база, кадр жетіспеушілігі, жедел жәрдем көліктерінің тозуы, жас мамандарға тең қолдау болмауы сынды өзекті мәселелер ашық айтылды. Қарқаралыдағы ауыл шаруашылығы колледжінде студент санының төмендігі, маман

рулардың көбейіп кеткенін байқалдық. Бұрынғылар «Ауру – астан» деп тегін айтпаған. Өйткені, қандай тамақ жесең, ағзаң да сондай болады. Сол себепті де, азықтүлік қауіпсіздігін арттыру үшін арнайы заңдар қабылдау мәселесін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде көтеріп жатырмыз, – деді Серік Егізбаев.

Ресми деректерге сүйенсек, тәуелсіздік алғалы бері елімізде 1 500-ге жуық ауыл қаңырап қалған. Халықтың үдере көшіп, сондағы мектептің жабылуы – негізгі себеп. Кездесуде Шет ауданы Айғыржал ауылында жабылудың аз-ақ алдында тұрған мектептің мәселесі көтерілді. Маясар Жапаков атындағы 9 жылдық мектеп балалар санын толтыра алмай отыр екен. Орта мектеп жабылмау үшін сондағы бала саны 41-ден асуы тиіс. Журналистер бүгінде шағын ауылдардағы мектептерді ұстап қалу үшін 41 деген көрсеткішті төмендету мәселесін Парламент Мәжілісінде көтеруді ұсынды депутатқа. Сол мектептерді бұл күнде қамтамасыз етіп, жұмысының тоқтамауына ықпал етіп отырған фермерлер екені де айтылды.

Тұрмыстық зорлыққа тосқауыл бар

(Соңы. Басы 1-бетте).

— Бұл Заң жекелеген әрекеттерден жүйелі тәсілге көшуге мүмкіндік берді. Бүгінде елімізде балаларды қорғаудың тұрақты моделі қалыптасты. Онда мектептен бастап уәкілетті өкілге дейінгі әрбір буын алдын алу мен көмек көрсету үшін жұмыс істейді, — деп атап өтті Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова.

Өңірлік уәкілдер институты баланы қорғау жүйесінің маңызды элементіне айналды. Олар тәуелсіз мәртебеге және балалар бар барлық мекемелерге, жабық ұйымдарға да кедергісіз кіру құқығына ие болды. Бүгінде орын алған зорлық-зомбылықтың әрбір фактісі уәкілдердің тікелей бақылауында.

Өткен жылы Қарағанды облысындағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл Ирина Киселева әйелдер мен балаларға қатысты 260-тан астам өтініш келіп түскенін айтты. Сонымен қатар, балалардың құқықтарын бұзу және қауіпсіздік қатерлері туралы жүздеген қоңыраулар келген. Уәкілдің айтуынша, бұл өтініштердің көпшілігі тек кеңес беруді қажет етеді, бірақ, соған қарамастан барлық құрылымдар мен ведомстволар мәселені шешуге қосылады.

— Бұрын бізде жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар мәселесі болған. Алайда, 2024 жылы көрсеткіштер төмендеді. Бұл екі жыл бұрын проблемма еді, қазір бізде Астана, Алматы және Шымкент сияқты ірі қалаларға қарағанда резонанстық істер аз. Біздің мектептер мен оқу орындарындағы жағдайлар басқа өңірдегідей резонанс деңгейде емес. Дегенмен, мұндай жағдайлар бар. Бұл әдетте мектептерде болады және бұл Қазақстан үшін де, көршілес посткеңестік елдер үшін де тән. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты жайт өңірде аз. Есесіне, соңғы уақытта антисанитариялық жағдайда өмір сүретін отбасылар жиі анықтала бастады. Жұмыс

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ
ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАЙЛЫ ШАРА

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ

■ Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес: кешенді көмек көрсету орталығы

■ Құқықтық қолдау: семинарлар мен тренингтер

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

■ Мектептердегі қауіпсіздік шаралары: бейнебақылау, дабыл түймелері

■ Психологиялық қолдау: білім беру мекемелеріндегі психологтар

■ Қылмыстың алдын алу: интерактивті карта

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ
25-25-02

істемейтін ата-аналар үйлеріне қокыс жинайды немесе үй жиналмайды. Балалар онда өмір сүруге мәжбүр, — дейді Ирина Кисилева.

Бүгінде «111» байланыс орталығы отбасы, әйелдер және балаларды қорғау мәселелері бойынша бірінғай жүгіну арнасы ретінде заңмен бекітілген. Желіге 2025 жылдың басынан бастап елімізде 88 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Мектептерде QR-код арқылы құпия түрде хабарлама беру жүйесі енгізілді. Сонымен қатар, «ДОСБОЛЛiКe» антибуллингтік бағдарламасы жүзеге асырылуда, мектептегі жәбірлеу үшін әкімшілік жауапкершілік те қу-

шейтілді. Ведомствоаралық жедел әрекет ету алгоритмдері жұмыс істейді.

Облыстағы балаларды қорғау жөніндегі уәкілдің сөзіне сүйенсек, облыс тұрғындары бала құқықтары бұзылған жағдайда балалар мен ересектер көмек сұрай алатын 111 call-орталығына жиі хабарласады. Кейде жалған шағымдар немесе жай еркеліктер болады, бірақ, олар барлық өтініштерге жауап береді. Мұндай жағдайларда көмектесетін QR кодтары мен дағдарыс орталықтары да бар.

Сонымен қатар, уәкілге көптеген өтініштер келіп түседі. Олардың кейбіреулері құқық қорғау

орғандарымен, психологиялық қолдау орталығымен және басқа құрылымдармен өзара әрекеттесуді талап етсе, кейбір жағдайларда ата-аналарға, балаларға кеңес беру жеткілікті.

Ал, облыстық білім басқармасы мамандарының айтуынша, Қарағандыда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсететін бірінғай орталық жұмыс істейді. Бұл орталықта құқықтық, әлеуметтік және психологиялық қолдау бір жерден ұсынылады. Құқықтық қолдауда «Право» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу, агрессияны басқару және абыюерлермен жұмыс істеу бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді.

Еңбек құқықтарын қорғауда облыстағы кәсіпорындарда ұжымдық шарттар арқылы еңбекші әйелдердің құқықтары мен кепілдіктері қамтамасыз етіледі. Мысалы, «Qatmet» жұмыс істейтін әйелдерге арналған арнайы бағдарламалар мен жеңілдіктер қарастырған.

Сондай-ақ, облыс мектептерінде қауіпсіздікті күшейту мақсатында бейнебақылау жүйелері, дабыл түймелері бар турниктер және дауыстық хабарлау жүйелері орнатылуда. Мамандандырылған күзет қызметі де енгізілуде.

Бүгінде облыстағы білім беру мекемелерінде 900-ге жуық психолог жұмыс істейді. Олар балаларға психологиялық көмек көрсетіп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысады. Балаларға қарсы қылмыстардың алдын алу мақсатында интерактивті карта әзірленген. Бұл карта арқылы құқық бұзушылықтар туралы ақпараттар жиналып, талдау жүргізіледі.

Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында берген тапсырмаға сәйкес, балаларға көмек көрсету, оларды қорғау және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қосымша шаралар «Қазақстан балалары» бағдарламасының тұжырымдамасына жүйелі түрде енгізілетін болады. Алдағы уақытта аталған бағдарлама жайлы кенірек айтатын боламыз.

• ӘЛЕУМЕТ

Ізденген жетер мұратқа

Биыл Қарағанды облысында есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған жандар үшін жанадан 13 арнайы жұмыс орны ашылды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық Найман Жаксыгорин «АСЕТ инклюзив» қоғамдық бірлестігіне ерекше балаларға арналған үстел ойындары бойынша нұсқаушы болып жұмысқа орналасқан.

Найман арбамен қозғалады. Жаңа қызметкерге барынша қолайлы жағдай жасау үшін «АСЕТ инклюзив» үй-жайды пандуспен, тұтқалармен, арнайы жиһазбен жабдықтады.

— Мен арбамен жүремін. Бірақ, қолым мен басым жұмыс істейді. Еңбек ұтқырлығы орталығына жүгіндім. Онда маған «АСЕТ инклюзив» қоғамдық бірлестігінен бос жұмыс орнын ұсынды. Келісіп, директормен әңгімелесуден өттім. Содан бұл жұмыс маған қолайлы деген қорытындыға келдік, — деді Найман Жаксыгорин.

Тағы бір қарағандылық Алмас Мырзаханов есту қабілетінде күрделі пробле-

малары барына қарамастан «АлтынПласт» компаниясына терезе монтаждаушысы болып жұмысқа орналасқан.

Арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерге мемлекет субсидиялар төлейді. Жалдаушыларға жаңа қызметкердің жұмыс орнына кіруіне қажетті пандустарды немесе өзге де жабдыктарды орнату шығындары өтеледі. Бұдан басқа, мемлекеттік субсидиялар ерекше мұқтаждықтары бар адамдардың еңбегіне ақы төлеу шығындарын ішінара өтейді. Жұмыстың бірінші жылында мемлекет жалақының 70%-ын жабады, егер ол 30 АЕК-тен аспаса. Екінші жылы — 65% және үшінші жылы — 60%.

Қарағанды облысында өткен жылы 1318 мүгедек жұмысқа орналасты. Есту және көру қабілеті бұзылған адамдар үшін 13 арнайы жұмыс орны ашылды. Биыл тірек-қозғалыс аппараты бұзылған жұмыс іздеушілерге мүмкіндік жасалуда.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Оқушы рационаындағы жаңартулар

Өңірлік кәсіпкерлер палатасында мектепте тамақтанудың жаңа стандарттары талқыланды. Адам капиталы, шағын және орта бизнес және сауданы дамыту бойынша үш кеңестің бірлескен отырысы өтті. Жаңа нормалар 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

— Мектеп асханаларының мәзіріне табиғи өнімдер — сүт сусындары, сүзбе, айран, күс еті, сиыр еті, қосымша өнімдер, бауыр, жұмыртқа, кесілген нан, йогурт, көкөністер, жемістер енуі тиіс. Осының бәрі әлеуметтік осал топтағы балалар үшін сапалы және теңгерімді тамақтануды қамтамасыз етуге бағытталған. Бүгінде бұл талаптарды кім, қандай жағдайда және қандай қаражатқа орындайтынын ашық талқылау маңызды. Біздің балалардың денсаулығына да, бизнесің тұрақтылығына да қауіп төндіруге құқығымыз жоқ, — деп атап өтті шағын және орта бизнес кеңесінің төрағасы Владимир Быков.

Түскі ас құны және талаптарды орындау мәселелері көтерілді. Жаңа стандарттарды Денсаулық сақтау министрлігі мен Та-

мақтану академиясы бекіткені атап өтілді. Олар міндетті, бірақ, іске асыру нақты аумақтардың мүмкіндіктерін ескеруі тиіс. Отырысқа қатысушылар мәселені әкімдіктер, бизнес және ата-аналар қоғамдастығы арасындағы диалогта шешу туралы ортақ пікірге келді.

Кеңес қорытындысы бойынша денсаулық сақтау басқармасы жанынан санитарлық қызмет, білім беру басқармасы, жеткізушілер, ӨКП және жұртшылықтың қатысуымен ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды. Оның мақсаты — өңірдің жаңа стандарттары мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін мектепте тамақтанудың теңдестірілген моделін әзірлеу.

— Біз стандарттардың формальды орындалуын емес, балаларымыздың шынайы дұрыс тамақтануын — бизнеске жүктемесіз және сапаны төмендетпей қамтамасыз етуге тиіспіз, — деп түйіндеді Владимир Быков.

Сурет кәсіпкерлер палатасынан

Қоғам «естуге» қабілетті

Қарағанды облысы балаларды қорғау шараларын күшейтуде. Бүгінде өңірде әрбір бала үшін қауіпсіз және қолдау ортасын құру бойынша жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізілуде. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша өңірде биылдан балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі кеңес құрылды. Оның құрамына қорғаншылық органдары, психологиялық қолдау орталығы, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі мамандар кірді. Жаңа құрылым үйлестіруді күшейтеді және балаларға қатысты мәселелерге біртұтас көзқарасты қамтамасыз етеді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Отбасылардағы қолайсыздықтың алдын алу және оны ерте анықтау маңызды. Бүгінде облыста 11 отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді, онда ата-аналар мен балалар психолог, заңгер, әлеуметтік қызметкерлерден кеңес ала алады. Ол үшін мобильді топтар, отбасыларды қолдау орталықтары, психологиялық көмек орталықтары, сондай-ақ, қазіргі уақытта тиімді жұмыс істейтін әкімдіктер жанындағы көмектестік толмағандар істері жөніндегі комиссия белсенді. Қамқоршылық органдарының жұмысы қызметкерлер санының артуына байланысты нәтижелі.

Облыстағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің жұмысы тек кездесулер мен кеңестер ғана емес. Бұл ата-аналардан, мұғалімдерден, балалардың өздерінен түсетін күнделікті өтініштермен байланысты. Күніне 2-ден 5-ке дейін өтініш келіп түседі. Олардың әрқайсысы ведомствоаралық өзара іс-қимылды және жиі сол жерге баруды талап етеді. Әр хаттың артында тағдыр, ауырысуну, көмек күту бар...

Мобильді топтар қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды қайырымдылық қорлары арқылы азықтүлікпен, киіммен және басқа да қажетті заттармен қамтамасыз етіп, сонымен қатар, бұл отбасыларға мемлекеттен әлеуметтік көмек алуға көмектеседі. Сонымен қатар, балаларға олардың қажеттіліктеріне,

мысалы, оқу немесе денсаулық мәселелеріне байланысты жеке көмек көрсетеді. Барлық дерлік құрылымдар осы мәселелерді шешуге қосылады. Сондай-ақ, осы орайда Қарағанды облысының халқы белсенді бола бастағанын атап өткен жөн. Азаматтық қоғам «есту қабілетіне» ие болды.

Өз нәтижелерін берген заңдардың қатандатылуына қарамастан, республикада да, облыста да балаларды қорғауға қатысты көптеген бағыттар бойынша көрсеткіштердің төмендеуі байқалады. Алайда, біз заңдарды қатайту бүкіл мәселені шеше алмай-тынын түсінуіміз керек. Балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінде азаматтық сектордың белсенді үлесі маңызды. Бұл тек атқарушы органдардың, құқық қорғау құрылымдарының және Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің жұмысы ғана емес, сонымен қатар, халықтың өзі де қатысады. Егер ата-аналар Конституцияда және Заңда көзделгендей балаларды тәрбиелеуге шынымен жауапты болып, психологтардан бас тартпаса, балалармен қарым-қатынас жасауға тыйым салмаса, оларға көбірек көңіл бөлсе, балалар бұл олардың отбасы екенін сезінеді. Өйткені, барлық қатыгездік пен зорлық-зомбылық балалар агрессияны жиі көретін, балағат сөздерді еститін отбасында кездеседі. Отбасына дәстүрлері құндылықтарды, тәрбие мен сүйіспеншілікті қай-


тармайынша, біз барлық балаларды 100% қорғай алмаймыз.

Бүгінде Оқу-ағарту министрлігі қамқоршылық органдарының қызметкерлері үшін алгоритмдер әзірледі. Бұл құжатта қолайсыздық пен зорлық-зомбылықты ерте анықтау әдістемесі, сондай-ақ, нақты әрекет алгоритмі бар. Басты мақсат — барлық қолайсыз азаматтарды ата-ана құқықтарынан айыру емес, ең алдымен отбасын бала үшін барынша сақтау. Мамандар алдымен ата-аналардың алкоголизмен зардап шегетінін айтады. Содан кейін психологтардың көмегімен олар ата-аналардың түзетуге және бала тәрбиесіне қолайлы жағдай жасауға дайын екендігін анықтайды. Егер ата-ана балаға немқұрайлы болса, біз оларды құқығынан айырамыз. Бұл жағдайда ең бастысы — баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнбеуі керек.

Аптасына бір рет қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасы пайда болады. Кейде біз бір аптада 2-3 хабарлама аламыз, бұл шалғайдағы ауылдарға да, қала орталығына да қатысты. Мұның бәрі мобильді топтардың жұмысы мен отбасының сандық картасының арқасында екенін атап өту ләзім.

Ирина КИСЕЛЕВА,
Қарағанды облысы бойынша
бала құқықтары жөніндегі уәкіл

Қарағандыдан ТМД-ға дейін



Сурет ашық дереккөзден

(Соңы. Басы 1-бетте).

2016 жылы аталған салада маңызды бетбұрыс жасалып, Түркиядағы негізгі өндірістік қуаттар толығымен Қарағандыға көшірілді. Тағдыршешті шешім компанияның Қазақстандағы өндіріс ауқымын еселеп арттырды. Дәл осы жылы зауыт сыртқы кәріз жүйелеріне арналған гофрленген құбырлар шығаратын заманауи жабдықтармен жабдықталып, өнім номенклатурасы айтарлықтай кеңейді. Жоғары сапалы гофрленген құбырлар ішкі нарыққа ғана емес, көрші елдерге де экспорттала бастады. Компанияның дамуы мұнымен тоқтап қалмады. 2018 жылы Ресей Федерациясының ірі өндірістік және логистикалық орталығы саналатын Жанасібір қаласында екінші зауыттың іске қосылуы «JAKKO»-ның ТМД кеңістігіндегі орнықты ойыншыға айналғанын айқын әйгіледі. Өркениетті, өндірістік кешен де ең жаңа технологияларға негізделіп, өнім сапасына қойылатын халықаралық талаптарға толықтай сәйкес келеді. Ендігіде «JAKKO» бренді – сапа, сенімділік және үздіксіз даму символына айналған атау. Оның өндірістік базасы мен аймақтық кеңеюі компанияның инженерлік жүйелер саласындағы көшбасшылық позициясын одан әрі нығайтуды.

Сапа – басты басымдық

Өндіріс ошағы жылына 16 000 тоннаға дейін дайын өнім өндіру қуаттылығына ие. Барлық өнім «JAKKO» сауда белгісімен шығарылады және 50 жылға дейінгі ұзақ қызмет ету мерзімімен ерекшеленіп, тұтынушылардың жоғары бағасына ие болып отыр. Компанияның басты мақсаты – нарықта сапалы, сенімді және ұзақ мерзімді өнім ұсыну. Бұған жету үшін зауыт бірқатар стратегиялық бағыттарды ұстанады. Ең алдымен, өндіріс үдерісі толық автоматтандырылған әрі әлемдік стандарттарға сай жабдықталған. Заманауи технологиялармен жаракталған зауыттың техникалық базасы үздіксіз жетілдіріліп отырады, сәйкесінше өнімнің сапасын тұрақты бақылауға мейлінше мүмкіндік береді.

«JAKKO» брендімен шығарылатын барлық өнім жоғары сапа талаптарына жауап береді. Мұндай жоғары деңгейдегі сапаға қол жеткізу үшін компания өз зертханасында сапаны қатаң бақылауды жолға қойған. Арнайы дайындықтан өткен, кәсіби шеберлігі жоғары мамандар өнімнің әр кезеңін мұқият тексеріп, тұтынушыға тек сенімді әрі мінсіз тауардың жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Өнімнің беріктігі мен ұзақ мерзімді қызмет етуі тікелей қолданылатын шикізаттың сапасына байланысты. Осыны жақсы түсінген компания өкілдері өнім өндіру үшін тек қана Оңтүстік Корея, Еуропа және Ресейдің жетекші өндірушілерінен жеткізілетін жоғары сапалы шикізатты пайдаланады. Яғни, өнімнің тозуға төзімді, экологиялық қауіпсіз әрі ресурсты үнемдеуші сипаттарына кепіл болады. Әлбетте, нарықтағы сұраныс үнемі өзгеретіні аян. Осыны ескерген компания басшылығы тұтынушылардың тілектерін назарға алып, өнім түрлерін үздіксіз кеңейтіп, жаңартып отырады. Әртүрлі салада қолдануға болатын өнімдер – тұрғын үй құрылысы, өнеркәсіптік нысандар, инфрақұрылым және өзге де бағыттар үшін таптырмас шешім. Қарағанды өндірісінің жетістігі – тек техникалық база мен сапалы шикізат қана емес, компанияның жауапкершілігі, кәсіби ұжымы және болашаққа деген сенімді қадамының нәтижесі. Ұлттық өндірістің өркендеуіне үлес қосып келе жатқан зауыт – Қазақстанның индустриялық әлеуетін айқындайтын нақты мысал.

Респондент пікірі

– «JAKKO» менің кәсіби жолымдағы ең үлкен мектеп, табысты тәжірибе алаңы. Компанияда бірнеше жыл еңбек еттім, сол уақыт аралығында тек маман ретінде өсіп қана қойған жоқпын, нағыз командамен жұмыс істеудің не екенін ұғындым. Компанияның ішкі мәдениеті, өндірістігі тәртіп пен сапаға деген ұстанымы бір мен үшін эталонға айналды. Ең әсерлісі, «JAKKO»-ның әр қызметкеріне деген ерек қарым-қатынасы. Мұнда әр адамның пікірі ескеріледі, жаңашыл идеялар қолдау табады. Біз тек өнім шығарып қана қоймай, оның сапасын, экологиялық қауіпсіздігін, ұзақ мерзімділігін ойладық. Әрбір жаңа жобаның сыртында зерттеу, инженерлер мен технологтардың бірлескен еңбегі жатыр. Қарапайым жұмысшыдан бастап, басқарушы құрамға дейін бір мақсат үшін жұмыс істейтінімізді сезінетінбіз. Ал, компанияның Қарағандыдағы өндірістік базасы – нағыз технологиялық жетістіктің көрінісі. Ол жерде орнатылған автоматты желілер, сапа бақылау зертханасы, кәсіби мамандардың үйлесімді еңбегі – бәрі де өнім сапасын жаңа деңгейге шығарды.



Сурет ашық дереккөзден

Мен оны өз көзіммен көрдім, қолыммен ұстадым, іс жүзінде соған үлес қостым. «JAKKO» – өз өнімін халықаралық деңгейге шығарған сапаулы отандық брендтердің бірі. Мұны мақтаныш десек, жарасар. Шынында, мен осы ұжымда жұмыс істегеніме ешқашан өкінбеймін. Қайта, бүгінгі жетістіктерін көріп, өзім де сол тарихтың бір бөлімше болғанымды мақтанышпен еске аламын. Біздіңше, «JAKKO» – ұлттың өндірістік болашағына сеніммен қарайтын кәсіпорын. Алдағы Ақтөбедегі жаңа зауыт – компанияның тұрақты дамуының тағы бір дәйекті дәлелі. Тегінде өндірістің өсуі емес, жаңа жұмыс орындарының, жаңа мүмкіндік пен жаңа сапаның бастауы болмақ, – дейді компанияның бұрынғы қызметкері, инженер-технолог Жанат Баймурзин.

Уақыт сынынан өткен таңдау

Бәсекелестік күн санап күшейіп келе жатқан нарық жағдайында «JAKKO» компаниясы өз тұтынушыларына өнімді үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ететін тиімді логистикалық жүйе қалыптастыра алды. Бұл – компанияның басты артықшылықтарының бірі әрі табысты дамуының кепілі. Мәселен, зауыттың өндірістік алаңында тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс жүргізілуімен қатар, қоймада әрдайым 400 тоннаға жуық дайын өнім қоры

сақталады. Атаулы қор өндірісте үзіліс болған жағдайда да тұтынушы сұранысын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, барлық өнім 10 000 000 теңге көлемінде сақтандырылған. Осылайша компания тарапынан көрсетілетін қосымша кепілдік қана емес, сатып алушының сенімін арттыратын маңызды фактор.

Бүгінде «JAKKO» бренді 1000-нан астам өнім түрін қамтып отыр және оның әрқайсысы зор сұранысқа ие. Компания өз өнімін тек Қазақстан аумағында ғана емес, Ресей, Тәжікстан, Ауғанстан және Қырғызстан елдеріне де табысты экспорттап келеді. Сапалы өнімдердің 1000-нан астамы дилер арқылы сатылуы – брендке деген жоғары сенімнің нақты дәлелі. Әсілі, тек дистрибьюторлармен шектелмей, «JAKKO» компаниясы өзінің бөлшек сауда желісін де сәтті дамытып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан, Қырғызстан және Ресейде орналасқан 39 «Almatherm» инженерлік сантехника дүкені тұтынушыларға сапалы өнімді тікелей өндірушіден сатып алу мүмкіндігін ұсынып отыр. Дүкендерде клиенттерге кәсіби кеңес, техникалық

құқықтық қолдау шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Бәсекелессіз өндіріс, бәсі биік өнім

Еліміздегі кәріз жүйесіне қажетті құбыр мен фитинг өндірісінің көшбасшысы саналатын компания бүгінде екі бірдей зауытын толық қуатта жұмыс істетіп отыр. Енді кәсіпорын үшінші зауытын Ақтөбе қаласында ашуға ниетті. Әсілі, өндірістік әлеуеттің артуымен қатар, аймақтық дамуға да елеулі серпін береді. Компанияның бас кеңсесі – Қарағанды қаласында орналасқан. Барлық зауыттар осы орталықтан басқарылып, үйлестіріліп отырады. Өнім ауқымы – 20-дан 400 миллиметрге дейінгі диаметрдегі құбырлар мен фитингтерді қамтиды. Бұл – кәріз жүйелеріне арналған құрылғылардың толық спектрі бір шанырақтың астында өндіріледі деген сөз. Қазіргі таңда кәсіпорын өнімдері тек Қазақстан нарығында ғана емес, ТМД елдеріне де экспортталып жатыр.

Компания сапа мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Осы жайында кәсіпорынның сапаны бақылау бөлімінің басшысы Жақсылық Мусин былай дейді:

– Өнім тек қана атамекенімізде ғана емес, ТМД аумағында да үлкен сұранысқа ие. Республика көлемінде біз бірінші орында тұрмыз. Бізге нақты бәсекелес бар деу қиын. Кез келген кәріз жүйесіне қажетті затты өзіміз өндіре аламыз. Үшінші зауыт іске қосылғанда, өндірістік қуатымыз бұдан да арта түседі. Айтпағымыз, отандық нарық үшін де, экспорттық бағыт үшін де маңызды қадам, – дейді ол.

Компанияның жүйелі жұмысы мен жоғары сапалы өнімдері оны саланың нағыз көшбасшысына айналдырды. Алдағы уақытта жаңа зауыттың іске қосылуы мәртебені одан әрі нығайтпақ. «JAKKO» пластикалық құбыр зауыты Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде 39 «Almatherm» инженерлік сантехника дүкеніне иелік етеді. Дүкендер сөресінде 6000-нан астам инженерлік сантехника тауарлары сатылады.

Болашаққа бағдарланған бренд

Өндіріс пен сенімділіктің, технология мен табандылықтың түйіскен тұсы – «JAKKO». Абыройлы атау бүгінде жай ғана бренд емес, талай жылғы еңбектің, тәжірибе мен терең пайымның жемісі. Түркияда басталған іргелі істердің Қарағанды даласында тамыр жаюы – тек бір компанияның емес, тұтас елдің индустриялық өрлеуінің бір парағы. Сарыарқаның төсінде сан мыңдаған құбыр мен фитинг өндіріледі десек, сол әрбір бұйымның артында ин-

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Көшесінде Гогольдің...

Қарағанды қаласының орталық көшелерінің бірі – Гоголь көшесінде коммуналдық қызметкерлердің қарасы қайта көрінді. Аталмыш көше бірқатар уақыт бойы қайта қазылып, жол бойындағы шектеулер жиілеп тұратын. Жергілікті тұрғындар мен көлік жүргізушілері бұл аралықта жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын байқаған.



Ерканат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолы жұмыстар қала орталығындағы Абай даңғылының қиылысында жүріп жатыр. Мұнда коммуналдық апат орын алған. Гоголь көшесі көп жылдан бері Қарағандыдағы ең «шыдамды» көше деген бейресми мәртебеге ие. Себебі, мұнда жаңадан төселген асфальт жабыны ұзақ тұрақтамайды. Тұрғындар мен көлік жүргізушілері болса, осы жағдайға үйреніп қалған. Олардың айтуынша, Гоголь көшесіндегі тегіс жол жабыны уақытша құбылыс. Өйткені, көп ұзамай мұнда тағы да жол жөндеу, яки, қалпына келтіру жұмыстары басталады.

Жолшылар қауымы қанша тырысса да, жаңартылған инфрақұрылым толығымен тозған жүйелердің үнемі үзілуіне тосқауыл бола алмай отыр. Бұл жағдай қала тұрғындарының наразылығын туғызып, жол қозғалысына қолайсыздық келтіруде. Ал, қалалық әкімдік өкілдерінің айтуынша, қазіргі жүргізіліп жатқан кешенді жөндеу амалдары инфрақұрылымды толық жаңартуға бағытталған. Көшеде жүйелі түрде қайталанатын қазба жұмыстарының саны азайып, болашақта жол сапасы тұрақты болмақ.

Мәселенің мәнісін «Теплотранзит Қарағанды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдері түсіндірді. Мұнда гидравликалық сынақтар кезінде табылған диаметрі 400 мм болатын құбырдың ақауы анықталған. Бүгінде зақымдалған учаске толығымен оңдалу үстінде. Компанияның өкілдері жұмыс ауқымын 14 шілдеге дейін аяқтау жоспарланып отырғанын әрі бұл уақыт аралығында қаланың қалған бөлігінде коммуналдық қызметтердің қалыпты жұмыс істейтініне кепілдік беретінін мәлімдеді. Ауа райын ескере отырып, жол төсемін қалпына келтіру 15 шілдеге дейін тәмамдалып қалмақ.

Құланөтпестегі қарқынды іс



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданының Құланөтпес ауылына су жүйесін тарту қарқынды жүруде. Оның мердігері – Қарағандыдағы «КазНурСтрой» ЖШС. Жұмысқа Оспан Алдабергенов жетекшілік жасауда. Дәл осы сәттерде тұтынушылардың дербес жер учаскелеріне су желілерін жеткізу аяқталуда. Сондай-ақ, су жинау құбырына су жеткізу үшін бірінші сорғы стансасын монтаждау бітіп қалды.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жастарға жаңа кеңістік

Шахтинскіде жабдықталған конференц-аймағы мен шағын коворкинг іске қосылды. Оқу мен жұмысқа арналған заманауи кеңістік бюджет қаражатына жабдықталған.



Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа коворкинг автовокзал ғимаратында орналасқан. Бұл – конференциялар мен дөңгелек үстелдерге арналған аймағы, жеке жұмыс орындары, ноутбуктері, жұмсақ орындықтары және шағын кітапханасы бар оупен-спейс кеңістігі.

Коворкингте тегін шеберлік сабақтары мен курстар, кездесулер, тақырыптық кештер өткізуге, сондай-ақ, үстел ойындарын ойнау үшін топтен жиналауға болады.

Коворкингке бару тегін. Ол жерге (8-721 56) 5-35-29 нөмірі бойынша алдын ала жазылу арқылы баруға болады.

Сурет автордан

Серпіліс сыйлаған серіктестіктер



Өндірісі өркендеген Саран өңіріндегі жетекші кәсіпорындар – Tengri Tyres шина зауыты, Silk Road Electronics тұрмыстық техника зауыты мен QazTehna автобус кәсіпорнына баспасөз туры ұйымдас-тырылды. Баспасөз турға арнайы келген Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев та зауыттарды аралап, серпіліс алған серіктестіктердің жұмысына оң бағасын берді. Ал, журналистер зауыттардың толық өндірістік циклімен, шикізатты қабылдаудан бастап, дайын өнім шығаруға дейінгі барлық кезеңімен танысып, өндірістегі технологиялық үдерісті көзбен көрді.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шина елге де, экспортқа да шығып жатыр

«Tengri Tyres» шина зауыты-ның құрылысы 2021 жылы Саран индустриялық аймағында бастал-ды. Алпауыт жобаға инвесторлар – ПАО «Татнефть» ашық АҚ мен «ГК «Аллюр» АҚ әртарапты қол-дау көрсеткен. Құйылған жалпы инвестиция көлемі – 531,8 млн доллар. Зауыт алаңы – 106 мың шаршы метр. Кәсіпорында әлем-дік өндірушілердің заманауи жаб-дықтары бар. Озық технология резеңке қоспаларды әзірлеуден бастап, жинақтау мен вулканиза-цияға дейін толық циклмен ши-наларды өндіруге мейлінше мүм-кіндік беріп отыр. Мұндай өндіріс орны экспорттық бағытты да да-мытады.

Зауыттың жылына 3 млн жеңіл және 500 мың жүк көлігіне арналған шина шығаратын қуаты бар. Былтыр маусымда «Attar» брендінің жеңіл автокөліктеріне арналған шиналардың сериялық өндірісі жолға қойылды. Жеңіл ав-токөліктер мен жол талғамайтын темір тұлпарларға арналған кос модельді шина әзірленді. Мұны-мен коса, қысқы шинаның да түр-лерін шығарды.

Өндіріс басшылары зауыт ашылғалы бері 450 мың шина шығарылғанын айтады. Жыл соңына дейін алғашқы бір мил-лиондық межені бағындыруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, 2028 жылға қарай зауыт қуатын 7 миллион шинаға дейін арттыру көзделуде. Бұл мақсатта қосымша жабдықтар орнатылып, өндіріс алаңы кеңейтіледі дейді.

Жалпы, өндіріс реттілігі 5 кезеңді қамтиды. Алғашқыда әртүрлі шикізат түрінен резеңке қоспалар әзірленеді. Сосын сап-алы шинаның жабдықтары (маталы корд, брекер, протектор) дайындала-ды. Одан кейін барлығы жинақ-талып, шина қалыбына келген-де, оны вулканизациялау үдерісі жүреді. Күрделі қалыптау амалда-ры арнаулы қалыпта жоғары қы-сым мен белгілі бір температурада жүзеге асырылады. Осылайша, ре-зеңке қоспасы өз қасиеттерін өз-гертіп, қажетті протектор мен бүй-ірлік бөліктердің суретімен соңғы пішіні шығады. Соңында дайын өнім өте мұқият тексеріледі. За-уыттағы бақылау үрдісі қатаң. Әр шина міндетті визуалды тексеру-ден соң автоматты құралдармен сынақтан өтеді. Техникалық тек-серуден өтпеген өнім жарамсыз деп танылып, қайта өңделеді.

«Шина құрылымы 7 негізгі элементтен тұрады. Гермокабат өнімнің герметикалығын қамта-масыз етіп, ауаның сыртқа шы-ғуына жол бермейді. Борттық сақиналар мен қанатшалар шина мен дөңгелек дискісінің дұрыс орналасуын қамтамасыз етеді. Келесі элемент – бүйірлік бөлік-

тер, осы арада барлық жазу айқын оқылып, көрінеді. Одан кейін қа-баттасып орналасқан қаркас кел-леді. Ол екі түрге бөлінеді: маталы және металды (брекер). Негізгі міндеті – шинаны механикалық зақымданудан мейлінше қорғау. Соңғы элементі – протектор. Осы жетілген 7 элементтің әрқайсысы арнайы жабдық қалыбында өн-діріледі», – дейді «Tengri Tyres» ЖШС директорының өндіріс және техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары Максим Белявский.

«Attar» брендінің өнімдері өткен жылдан бері ішкі нарыққа шығарылды. Шиналар ресми дистрибьюторлардың маман-дандырылған дүкендер желісі арқылы саудаға түскен. Дилерлік орталықтар арқылы сатылады. Экспорт мәселесі де жолға қо-йылған. Былтыр жазда «Attar» шиналарының Ресейге алғашқы жеткізілімдері басталды. Кәсіп-орынның отандық автозауыттар-мен де ынтымақтастығы бар», – дейді Максим Белявский.

Жақында ғана 900 шина Қос-танайдағы «Allug» кәсіпорны-на жіберіліпті. Енді 205/55 R16 мөлшерлі «Attar S01» модельді жаздық шиналар отандық жеңіл автокөліктердің дөңгелегіне тағы-лады. Сөйтіп, бұған дейін тек шетелдік шина тағынған темір тұлпарлар енді толықтай отандық өніммен қамтыла бастайды.

Қазір зауытта шамамен 800 адам жұмыс істейді. Келешекте олардың саны 1100-ге дейін артуы мүмкін. Қызметкерлердің көбі шетелде арнайы тағылымдамадан өткен.

Artel-ден Samsung-қа дейін

Саран индустриалды аймағында орналасқан «Silk Road Electronics» кәсіпорны тұрмыстық техника шығарумен айналысады. Жалпы, ауданы 61 мың шаршы метрден астам өндіріс аймағын-да түрлі цех жұмыстары ретімен жолға қойылған. Оның ішінде эмальдау және ұнтақты бояу цехы, термопласт-автомат цехы секілді өндірістің негізгі күшін құрайтын аймақ бар.

Кәсіпорын «Artel» брендімен теледидар, электрлі су жылытқыш, шаңсорғыш, асуы токпеші, ауа-сорғыш, кір жуатын машина, жел-деткіш секілді тұрмыстық техника түрлерін шығарып жатыр. Бүгін-нің өзінде 280 мыңнан аса техника саудаланып үлгерген. Кәсіпорын өнімдерді сауда желілері мен ин-тернет арқылы өткізіп отыр. Атап айтсақ, тұрмысқа қажетті техника түрлері «Sulpak», «Technodom.kz», «Evrika», «Mechta.kz», «Alser», «Darmart Astana» секілді ірі сауда нүктелерінде саудалануда.

– Компания – еліміздегі тұр-мыстық техника шығаратын жалғыз өндіріс орны. Алдымыз-да меже бар. Құрылысты аяқта-ғанымызға көп бола қойған жоқ. Ескірген ғимаратты қайта қалпы-

на келтіруге зауытты заманауи қа-жетті жабдықтармен қамтамасыз етуге көп күш жұмсадық. Саудаға кіріскенімізге екінші жыл болды. Алғашқы көрсеткішіміз жаман емес. Бастысы, нарықты бағамен жаулағалы тұрмыз. Біздің өнім құны сырттан әкелетін тұрмыстық бұйымдармен салыстырғанда әл-деқайда төмен. Сапасына да баса мән береміз. Ірі сауда нүктелерінен бөлек, интернет арқылы да сауда-ны күшейтіп жатырмыз. Әсіресе «Kaspi.kz» қосымшасы секілді он-лайн сауда платформаларын тиімді пайдаланамыз. Сату бөлімі менед-жерлерінің біліктілігі арқасында өнімдерді ТМД елдеріне де экс-



порттаймыз. Бұл – компанияның алға қойған басты мақсаттарының бірі. Егер шетел нарығына шық-сақ, онда кәсіпорнымыз мол та-бысқа кенеліп, мыңдаған жұмыс орнын ашуға мүмкіндік болады. Осылайша, өңір экономикасын



өркендетіп қана қоймай, ел қа-зынасын еселейміз», – дейді «Silk Road Electronics» ЖШС директо-ры Александр Критский.

Зауытта қазіргі уақытта 300-ге жуық қызметкер жұмыс істей-ді. 2028 жылға қарай кәсіпорын

тіпті, серпіледі.

– Біздің компания әлемдік на-рыққа энергияға тиімді, пайда-лануға өте ыңғайлы тұрмыстық техниканы шығарып жатыр. Қыз-меткерлеріміз өндіріс кезінде тех-никалық инновациялардың игілі-



кеңейгенде сәйкесінше жұмыс-керлер саны 1000-нан аспақ. Сол кезде өндірістік көлем жылына 1,1 миллион дана тұрмыстық техни-каға жетпек.

Былтыр Silk Road Electronics және Samsung Electronics қа-зақстандық кәсіпорында теле-дидар өндірісін бастау туралы келісімге қол қойды. Биыл дайын-дық жұмыстары жүргізілді: жаб-дықты орнату, персоналды оқыту және сапаны бақылау жүйесін ор-нату. Желіні тамыз айында толық іске қосады.

Көктемде компаниялар SmartThings цифрлық платфор-масына біріктірілген Samsung авто-матты кір жуғыш машиналарын шығару туралы жаңа келісімге қол қойды. Жыл соңына қарай өндіріс іске қосылады.

Компания – еліміздегі тұр-мыстық техника шығаратын жал-ғыз өндіріс орны. Енді «Samsung» маркалы теледидарлары мен кір жуғыш машиналарын нарыққа шығарса, онда зауыт тіршілігі,

гін кәдеге жаратуға ұмтылады. Өнім көпшілік талғамынан шы-ғып, көзге тартымды көріну үшін дизайнына да ерекше мән береміз. Әлемдік бренд қалыптастыру мақсатында тәжірибемізді әрдай-ым толықтырып, ізденістен қол үзбейміз. Біздің компанияны көп жұмыс күтіп тұр. Отандық бренд-ті күні ертең әлем мойындап жат-са, онда Қарағандының да, Сара-ның да өндірісі ұлғаяды», – дейді серіктестік басшысы.

QazTehna: алып компанияға айналады

«QazTehna» ЖШС – автобус құрастырумен аты шыққан компа-ния. Бес жылдың ішінде Қараған-ды автопаркін ғана жаңартқан жоқ, Астана, Шымкент, Алматы және басқа да қалаларға автобус құрастырып беріп отыр. Күніне төрт-бес автобус жолға шығады. Осы уақыт ішінде шамамен 6000 автобус пен 3500-ге жуық арнайы және жүк техникасын өндiрген.

«Қазіргі таңда біздің зауыт екі

негізгі бағытта жұмыс істейді: бірі – жолаушылар тасымалына арналған автобустар, екіншісі – төтенше жағдайлар қызметі мен Ішкі істер министрлігіне арналған арнайы техника. Барлық техника Қазақстанда құрастырылып, дай-ын өнім ретінде шығарылады. Әр-бір бөлшек, әрбір компонент өн-дірістік тізбекте өз орнын тауып, нақты стандартқа сай жасалады», – дейді зауыттың техникалық даму жөніндегі директоры Әділ Шайкемелов.

Елімізде автокомпоненттер базасын жасайтын кәсіпорындар жоқтың қасы. Сондықтан, кәсіпо-рын басшылығы бұл бағытты өздері қолға алып, жергілікті өн-дірісті дамытуға бет бұрып отыр. «Қазірдің өзінде аккумулятор бат-арейалары, сымдар, кейбір бөл-шектер ел ішінде өндіріліп жатыр. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Біз бұл бағытты кеңейтуге жұмыс істеп жатырмыз», – дейді директор.

Зауыттың маңызды жоба-ларының бірі – штамповкалық өндірісті іске қосу. Бұл жоба ая-сында 2026 жылдан бастап, авто-бустардың қаңқалық бөлшектері – шанақтың алдыңғы, артқы және бүйір бөліктері, төбе элементтері елде өндірілмек.

«Бұл жобаның мақсаты – дә-некерлеуге қажетті металл бөл-шектерін толықтай өзімізде жасау. Қазірдің өзінде кейбір компонент-терді өндіруді бастадық. 2026 жылы толық өндірісті жолға қоя-мыз», – дейді Әділ Шайкемелов.

Кәсіпорында 850-ден астам адам жұмыс істейді. Зауыт кеңейтілген әлеуметтік пакетті, азықтүлік өтемақысын төлейді. Жұмысшыларды Қарағанды мен жақын маңдағы қалалардан тасы-малдайды. Зауыт ішінде облыс-тағы колледждер мен жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, ду-альды жүйе арқылы мамандарды даярлайтын және қайта даярлай-тын корпоративтік университет бар

QazTehna – бұл жай ғана өн-діріс орны емес, толыққанды экожүйе: инженерия мен локали-зациядан бастап, кадрларды оқы-ту мен экспортқа дейін. Алдағы жылдары зауыт қуаттылығын арт-тыруды, ассортиментін кеңейтуді көздеп отыр.

Мемлекет қолдауы

«Жалпы, елімізде 16 арнайы экономикалық аймақ пен 55 ин-дустриялық аймақ жұмыс істей-ді. Мемлекет бұл аймақтарда инфрақұрылымды толықтай дай-ындап, кәсіпкерлерге өндірістік үдерістерге көңіл бөлуге мүмкін-дік жасайды. Бұл – бизнесті қол-даудың маңызды үлгісі. «Silk Road Electronics» тұрмыстық техника зауыты жақын күндері Samsung теледидарларын отандық өндіріс-те шығара бастайды. Бұл – қа-лықаралық серіктестік аясындағы үлкен жетістік. Ал «QazTehna» былтыр 1400 автобус өндіріп, Қа-зақстандағы жалпы сұраныстың жартысын өтеді. Бастапқыда ірі торапты жинақтау әдісі қолданыл-са, енді мемлекет кәсіпорындарды CKD – ұсақ торапты құрастыруға көшуге ынталандырып отырмыз», – дейді министр Ерсайын Нағас-паев.

Суреттер Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің сайтынан алынды

Батыр рухына тағзым

14 шілде – Кеңес Одағының Батыры Қазыбек Нұржановтың кеңес-герман соғысындағы әскери ерлік жасаған және Беларусь мемлекетіндегі Волковыск қаласы азат етілген күн (14.07.1944 ж).

«Ер елі үшін туады»

Қазақ халқы қашан да өзінің тарихын төл тұттып, санасынан ерлердің ерлік іс-әрекеттерін өшірген емес. Ежелден ата-баба ерлігін жыр-дастан ете келе, ұрпақтар арасында сабақтастық қалыптастып, жас өреннің өткенге деген құрметін өшірмей келеді.

Адамзат тарихында сансыз соғыстар мен қактығыстар болса, олардың әрқайсысы да толассыз құрбандар мен өшпес қасірет алып келді. Дәл осындай аса үлкен қасіретке толы, мың төрт жүзден астам күнге созылған Екінші дүниежүзілік соғыс әр үйге орны толмас қайғы әкелді. Қазақ халқы тарихындағы, қай замандағы қасіретті соғыс қырғындарын алып қарастырсақ та, ата-бабаларымыз өз Отанын, жерін, елін қорғауда қайсарлық танытты. Тектілігін білдіріп, досына адал, дұшпанына қатал болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Отанын басқыншылардан азат ету жолында асқан батырлық көрсетіп, келер ұрпақ қамы үшін жанын пидә еткен батырларымыздың ерлік жолдарын толықтай зерттеп, Қазақстан тарихына қосу қажеттілігі жаңа заман талабы.

1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғысының басталуына байланысты, Қазақ КСР Қорғаныс Халық комиссариатының тізімінде өз еркімен соғыс майданына аттанған 1 196 164 (бір миллион бір жүз тоқсан алты мың жүз алпыс төрт) адам көрсетілген. Бұдан басқа 178 мыңға жуық адам соғыс басталар алдында Кеңес қарулы күштері қатарында қызмет еткен. Қазақстаннан барлығы 1 374 000 адам жауға қарсы қаруланып, сапка тұрыпты. Сонымен қатар, Еңбек армиясының құрылыс батальондарымен жұмысшы саптарында тағы 700 мыңға жуық адам аттанған. Ақтоғай ауданынан Екінші дүниежүзілік соғысқа 2033 адам қатысып, одан ұрыс даласында 1200 адам қаза тапса, 833 адам елге аман-есен оралды.

Майданда ерлікпен қайтыс болғандардың бірі – жерлесіміз Кеңес Одағының батыры Қазыбек Бейсенұлы Нұржанов.

Қазыбек Нұржанов 1939 жылдың 15 қазанында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Хабаровск өлкесіндегі Амурдағы Комсомолскіде алғашқы әскери дайлығын сәтті аяқтап, соғыс әдіс-тәсіліне жетік машықтанған. Қазыбек алдынкылардың бірі болып, өзі сұранып 1942 жылдың сәуір айында Қырш шығыстан бірден майданға аттанды.

Бастапқыда Брянск фронтында Сталинград, Курск ұрыстарында, одан әрі Батыс майданында 2-ші Беларусь фронтының 3-ші Армиясының 40-атқыштар корпусының 5-атқыштар дивизиясының 61-жеке танкіге қарсы жойғыш дивизионының, танкіге қарсы қарулар ротасының, танкіге қарсы 45 мм зенбірегімен атқыштар бөлімшесінде, алдымен 45 мм брон тескіш зенбірегінің атқышы, нысаншысы болып соғысқа араласады. Аз уақытта Қазыбек сол бөлімшенің қолбасшысы болып тағайындалады.

1943 жылдың жазында Курск соғысы барысында Кеңес әскері қолбасшылығы жаудың соққы қолбасшының шаршату мақсатындағы қорғаныс операцияларымен қатар, қарсыластардың Орел, Белградтағы топартын талқандау үшін қарсы шабуылдарды да қарастырды. Сол арқылы әрі қарай маңызды стратегиялық, кең көлемдегі шабуылдар ұйымдастыруға қолайлы жағдайлар жасау көзделді.

Кеңес әскерлерінің Курск түбегіндегі қарсы шабуылдау операциясы екі зор стратегиялық маңызы бар ірі операцияларды құрды. Біріншісі – Батыс, Брянск, Орталық фронттардың 12 шілде мен 18 тамыз аралығындағы «Орлов операциясы».

Аталған операция кезінде Қазыбек Нұржанов 1943 жылдың 5 тамызы күні Орел қаласын алу барысында взвод командирінің жаракат алып, қатардан шығып қалуына байланысты басқаруды



Қолжазы жасаған Айбек Рахымов

дереу қолына алады. Батыл әрі жылдам шешім қабылдап, жаяу әскер бөлімімен бірлесе отырып соғыс жүргізеді. Сөйтіп, Орел қаласына алғашқылардың қатарында кіреді.

Аталған ерлігі үшін 61 жеке танкіге қарсы жойғыш дивизионының командирі капитан Михеевтің 12.08.1943 жылғы наградаға ұсынуы бойынша, 5-ші Орловтық атқыштар дивизиясы артиллериясы қолбасшысы полковник Шерстяковтың 1943 жылғы 13 тамыздағы №6-н бұйрығына сәйкес, Қазыбек «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Осы ерлігінен кейін Қазыбектің әскери шені – сержант, одан кейін аға сержантқа дейін көтерілді. 61-жеке танкіге қарсы жойғыш дивизионының, 3 батареясының барлаушысы болып тағайындалады.

Ал, 5-атқыштар дивизиясы Орел қаласының азат етілу күрметіне «Орловтық» деген атақ беріледі. «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Яғни, бұдан кейін «5-ші Орловтық Қызыл жұлдызды атқыштар дивизиясы» деп аталады.

Днепр өзенінен кешіп өтудегі ерлігі үшін командирі Михеевтің 08.02.1944 жылғы Мемлекеттік наградамен марапаттау туралы ұсынысымен, Қазыбек, 5-ші Қызыл орденді Орловтық атқыштар дивизиясының командирі Кеңес Одағының батыры полковник Михалициндің, 1944 жылғы 05 наурыздыңдағы №41/н бұйрығының негізінде, «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады.

Жоғарғы ерліктерін бағалап, дивизион басшылығы 1944 жылдың наурыз айында Қазыбекті 5-ші атқыштар дивизиясының 61-жеке танкіге қарсы жойғыш дивизионының, 3 барлаушылар батареясының қолбасшылығына сайлайды.

Қазыбек өзінің майдан жолында Волга түбіндегі ұрыстарға қатысып, одан әрі Днепр, Друт, Березин және Зуша, Десна, Сож өзендерінен кесіп өткен.

Украинаның батысында болған ұрыста Қазыбек жеке өзі 45-мм танкіге қарсы атылатын зенбірегімен дәлдеп атып, немістің танкісін жояды. Оның танкіге қарсы қарулар ротасы бөлімі немістің 3 танкісін жояды.

Басшылық батырдың қайсарлығы мен батылдығын ерекше бағалап, оның барлау взводына ең күрделі тапсырмаларды жүктейді.

Беларуссияны шабуылдау операциясы

Неміс-фашист басқыншыларының «Барбаросса» деп аталған жоспарына сәйкес үш топ – «Солтүстік», «Орталық», «Оңтүстік» болып, кеңес жеріне шабуыл бастаған.

Ең қуаттысы «Орталық» тобының мақсаты – Беларусьдағы кеңес әскерін қоршап алып, жойғыш және «Солтүстік» тобымен бірігіп, Смоленскіге шабуыл, одан әрі Москваға шығу болған.

Жау Беларусь республикасын 1941 жылдың тамыз айының аяғында толықтай жаулап, 1944 жылдың ортасына дейін 3 жыл көлемінде отарлау саясатын жүргізіп келді.

1944 жылдың мамыр айының жиырмасы күні «Беларуссия шабуылдау операциясының бастапқы жоспары» дайындалды. Ол шартты түрде «Багратион» деп аталды. Бұл қарсыластар басып алған 250 шақырым қашықтықтағы жерлерге жоспарланған. 45-50 тәулік аралығына есептелген. Мақсаты – Витебск, Бобруйск, Минск ауданындағы

қорғаныстарды жою, Десна, Молодечно, Столбцы, Старобин майдандарына шығу. Нақтыланған және толықтырылған нұсқасы 1944 жылдың 30 мамырында Жоғарғы Бас қолбасшылығымен бекітілді.

Жоспарда алты учаскеде жаудың қорғанысын бір мезгілде бұзу, «Орталық» армия тобын жеңуді аяқтау мақсатында Витебск пен Бобруйск аудандарында оның қапталдағы топтарын қоршау және жою, Каунас Минск және Брест бағыттарындағы шабуылды дамыту және Даугавпилс, Каунас, Белосток, Люблин шептеріне шығу көзделген. Осы межеге жеткеннен кейін Кенигсбергке, Шауляйға, Алленштайнга Варшаваға қарай әртүрлі бағыттар бойынша ілгерілеуді дамыту көзделді.

2-ші Беларусь майданына 3-ші және 1-ші Беларусь майдандарымен өзара әрекеттесіп, Могилев ауданындағы жау тобын жою және Березин өзеніне шығу міндеттері қойылды. 1-2-ші Беларусь майдандарының әрекеттерін үйлестіруді – Кеңес Одағының маршалы Г.Жуков атқарды.

Маусым айының аяғында және шілде айының басында қосымша құрамнан келген әскерлерді қоса санағанда операцияға 2 миллион 500 мыңнан аса жауынгер, 45 мыңнан аса қару, барлық калибрдегі мина атқыштар, 6 мыңнан аса танкі өздігінен жүретін артиллериялық қондырғылар, фронттық авиациялардан 7 мыңнан аса самолет және 1 мыңнан аса алысқа әрекет етуші самолет жұмылдырылды.

«Багратион» операциясының бірінші кезеңінің мақсаты – жаудың қорғанысын, төрт фронттың қарсы шабуыл жасаған жерінен бұзып өтіп, Беларусьианың астанасы Минскіні азат ету, Шауляй, Каунас, Белосток және Варшава бағыттарындағы шабуылдарды табысты дамыту үшін жағдай жасау болған.

1944 жылдың 22 маусымы күні таңертенгі ұрыс барлау шабуылдарынан басталып, 23 маусым күні шабуылдау соққысына ұласы. Нәтижесінде жау Солтүстік өзеніне қарай 11 шақырым кері жылжыды.

1944 жылдың 23 маусымынан құрамында Қазыбек Нұржанов болған 2-ші Беларусь фронты Друть, Березина, Днепр өзендерін кешіп өтіп, «Березина» өзенінің батыс жағында тұрған Плацдармды басып алды. Могилев қаласын азат етіп, Минск бағытында шабуылды өрбітуге сәтті жағдай жасады. Витебск, Орши, Бабруйск қалаларын алды. Минск қаласының шығыс жағын қоршап тұрған жау әскерін талқандады, 3 шілде күні Минск қаласы толықтай жаудан азат етілді.

«Багратион» операциясының бірінші бөлігінде қарсыластардың 72 мыңнан астам жауынгерінің көзі жойылды. 1,5 мың минаатқыш пен қаруы, 2,4 мың автокөлік жойылды. 35 мыңнан аса неміс солдаттары мен офицерлері тұтқынға түсті, оның ішінде 2 корпус және 3 дивизия командирлері қолға түсті.

Друть, Зуша, Десна, Сож, Березин өзендерін кешіп өтудегі ерліктері

Аталған, «Багратион» операциясы барысында Қ.Нұржановтың қолбасшылығындағы Барлаушылар взводының негізгі міндеті жаудың шоғырланған Ату бекіністерін, жасалған танкілері мен бронды техникаларының орналасқан жерін анықтап, уақытылы қолбасшылыққа жеткізіп отыру болатын.

Друть өзенін кесіп өтерде

149,7 белгінің жанында барлау істерін жүргізіп, неміс танктерінің шабуылын тоқтатуға мүмкіндік берген аса маңызды мәліметтерді хабарлайды.

Батырдың бір өзі жау тылында сегіз фашистің көзін жоюды. Первомай ауылында неміс әскерінің шегінер жолын жауып, капитанымен бірге тоқсан жеті фашисті взвод жауынгерлері тұтқындайды. Осы жауынгерлері ерлігі үшін Қазыбек III дәрежелі «Данк» орденімен де марапатталады.

«Багратион» стратегиялық шабуылдау операциясының аса маңызды екінші бір бөлігі – 1944 жылдың 5 шілдесінен 27 шілде аралығындағы жүргізілген «Белосток операциясы». Оның барысында Кеңес әскері Шауляйск, Вильнюс-Каунас, Белосток және Люблин-Брест шабуылдау операцияларын жүргізді.

Операция барысында Қ.Нұржановтың дивизионы неміс басқыншыларының «Орталық» армиясының 9 А тобын талқандауға қатысады. Жауды 120-125 шақырымға дейін тықсыра шегіндіреді. Көптеген елдімекендерді және Новогрудок қаласын азат етеді. Немань, Сервечь өзендерін кешіп өтіп, Волковыск қаласындағы жаудың негізгі бекінісіне жакындайды.

Волковыск қаласын азат ету жолында

Фашист басқыншыларын түпкілікті талқандау, Беларусь жерін толықтай азат ету мақсатында жүргізілген «Белосток операциясы» барысында, Волковыск қаласын жаудан азат ету ұрысында 5-ші Орловтық қызыл жұлдызды атқыштар дивизиясына Оңтүстік-Шығыстан соққы беру жоспарланған.

Волковыск қаласы сан тарап темір жолдың және көтерме жолдың тоғысқан жері және Белостокқа қарай кететін негізгі жол болғандығынан, онда жаудың ең маңызды тірек бөлімі мықтап бекінген еді.

Қаланы алу одан кейінгі шабуылдың өрбуіне маңызды роль атқарған, соған сәйкес 1944 жылдың шілде айының 13 күні түнінде басталған Волковыскіні алу үшін болған соғыс 14 шілде күнгі түскі 12-00 ге дейін жалғасты. Қала көшелерінде кескілескен ұрыс жүрген еді.

Бұл ұрысқа аға сержант Қазыбек Нұржанов басқаратын барлаушылар взводы бүйірдегі қамту тобы құрамында қатысады. Топтың батыл қимылынан қатты қорыққан жау әскері барлық қару-жарағын тастап қашады. Батыр жаудың ізіне түсіп, фашистің үш солдатын және бір офицерін тұтқынға түсіреді. Волковыск қаласына бірінші болып кіріп, шегіне қашқан жау солдаттарын өкшелей қуып келе жатқанда, қала шетіндегі теміржол маңында аяқ астына келіп жарылған снаряд жарықшағынан басынан ауыр жараланады.

1944 жылдың 14 шілдесі күні Волковыск қаласының жаудан толықтай азат етілуіне орай, аталған ұрыстарда ерекше ерлік көрсеткен жауынгерлерді марапаттауларға ұсыну туралы Жоғарғы қолбасшылықтың тарапынан бұйрық беріледі. Сол күні түнде Мәскеуде қаланы азат етушілер құрметіне 127 артиллерия қаруынан оқ атылып, салют берілді.

Беларуссия фронтының 40 атқыштар корпусы қолбасшысы генерал - майор Кузнецов осы қаланы азат ету туралы мынадай рапорт жасайды, Армия Қолбасшысына:

«40 атқыштар корпусы құра-



мы 1944 жылдың 13-14 шілдесінде Волковыск қаласының кіре берісіндегі қарсыластардың үш тізбектелген қорғаныс шебін бұза отырып, сағат 11-15-те 129 Атқыштар дивизиясы (АД) солтүстікте, 169 АД-сы шығыстан және 5 АД оңтүстіктен бір мезгілде шабуыл жасай отырып, Волковыскіні алды.

Волковыск үшін болған ұрыс барысында қарсыластардың, 3000 аса офицерлері мен солдаттары жойылды.

Теміржол бекетінде үлкен трофейі қолға түсті, оның ішінде алдын ала есеп бойынша 3 азықтүлік қоймасы және бірнеше қару-жарақ қоймалары, көптеген автомашиналары, паровоздар мен вагондары бар.

40 атқыштар корпусы қолбасшысы: генерал - майор Кузнецов 14.07.1944 жыл...» делінген.

Аталғандай өте маңызды Багратион, Белосток операцияларының сәтті жүзеге асырылуына жанқиярлықпен қатысып, Волковыск қаласын азат етуде ерлік көрсеткен жауынгердің алған жаракатының өте ауыр болуына байланысты Қазыбекті майдан даласынан 40-50 шақырымдай тылда орналасқан Деречин деревнясындағы №196 Далалық жылжымалы госпитальға жеткізеді.

Онда түсіп жатқан жаралы солдаттардың көптігіне және де Қазыбектің өзімен бірге Қызыл әскер құжатының болмағандығынан, қабылдау журналына тегі Нуржановтың орнына «Муржаков» Казбек болып жазылып кеткен.

1944 жылдың 15 шілдесі күні №196 дала госпиталіне қатты бас сүйегі жаракатымен түскен Қазыбек ажалмен 9 күн арпалысып, 1944 жылдың 24 шілдесі күні қайтыс болады. Деречин селосындағы, Шіркеудің жанына Бауырластар зиратына «Муржаков Казбек» деп жерленеді.

61 жойғыш танкіге қарсы дивизионының командирі майор В.А.Михеев 1944 жылдың 15 шілдесі күні Қазыбекті Кеңес Одағының батыры атағына ұсынып, награда қағазын толтырып, дивизия басшылығы қарауына жіберген. Яғни, Қазыбек қайтыс болмай тұрып, батыр атағына ұсынылған.

Марапаттау қағазында былай деп жазылған:

«Аға сержант Нуржанов Казбек Бейсенович Волковыск қаласын жаудан азат етуде жылжымалы топтың құрамында болды.

Басып алу қанатына топпен бірге шығып, Волковыск тауының биігіне тезірек орналасуға ұмтылған жауға тойтарыс берді, өзінің шешімді, айлауы іс-тәсілдерімен жау тылына үрей туғызып, соғыс техникасын тастап қашуға мәжбүр етті.

Қашқан дұшпанды өкшелей қуып, фашистермен аз қана айқас үстінде бірнешеуін атты, 3 солдатты және 1 офицерді тұтқынға алды.

Немістерге қарумен өлім себе жүріп, Волковыск қаласына бірінші болып кірді және соңынан біздің шабуылдаушы жаяу әскерді ұрысқа көтерді.

Қала шетінде Нұржанов жолдас басынан ауыр жараланды.

Дивизия қолбасшылығы алдында Қазыбек Нұржанов жолдасқа «Кеңес Одағы Батыры» атағын беру туралы Қолдаухат беремін».

61 жойғыш танкіге қарсы дивизионының командирі майор Михеев. 15.07.1944 ж.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының басшылығының 1945 жылғы 24 наурыздағы шешімі бойынша жасаған ерлігі үшін Қазыбек Бейсенұлы Нұржановқа, қайтыс болғаннан кейін «Ленин» ордені» және «Алтын жұлдызымен» жоса, «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

Киелі қазақ даласында туған Көк бөрілер ұрпағының Беларусь жеріндегі (Волковыск) Бөрілер қаласын азат етуде асқан ерлік жасап, екі елдің тел батыры атануы қазақ халқы үшін үлкен мақтаныш, Батыр рухына мәңгілік тағзым!

Айдынгалый АДАМБАЙ,
заңгер,
Ұлпан СЕРІК,
тарих ғылымдарының
магистрі.

• КЕШ

Мұраны ұлықтау – парыз

Қарағандыдағы Достық үйінде өткен «Абай – әлемдік ойдың алыбы» атты әдеби-танымдық кеш – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралардың айшықты жалғасы болды. Облыстық деңгейде ұйымдастырылған бұл кеш қазақ әдебиетінің алыбы Абай шығармашылығын дәріптеуге, оның рухани мұрасын кең көлемде насихаттауға арналған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма қолға алған бұл мәдени-танымдық шараның басты мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту. Абайдың терең ойлы шығармалары арқылы ұлттық руханиятты нығайту және ұлт тұлғаның еңбектерін жас ұрпаққа өнеге ету. Сонымен қатар, Абайдың шығармашылық мұрасын насихаттап жүрген азаматтарды ынталандыру.

Кешке зиялы қауым өкілдері, тіл жанашырлары, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, этно-мәдени бірлестік мүшелері, әскери бөлім сарбаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Салтанатты жиында Абай шығармашылығына арналған бейнежазбалар көрсетіліп, бұл бағытта еңбек етіп жүрген қоғам белсенділері мен әр сала мамандарына облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы Алма Шалабаеваның атынан Алғыс хат табысталды.

Шара аясында облыстық деңгейде ұйымдастырылған екі ірі байқау – «Әнді сүйсең, менше сүй» және «Абай әлемі» шығармашылық фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Алғашқы байқау дәстүрлі ән өнерін дәріптеу мен Абай әндерін заманауи сахнаға шығару мақсатын көздесе, екіншісі – мектеп жасына дейінгі өзге этнос өкілдері балалары арасында өткізілді. Фестиваль арқылы балаларды Абай әлемімен таныстырып, қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін сіңіру көзделді.

Кештің сәнін келтірген мәдени бағдарлама көрермендерге рухани серпіліс сыйлады. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншілері Әсел Іргебай, Гүлбану Серікова, Мелет Осатаев және «Арай» триосының орындауындағы Абай әндері көрермен көңілінен шықты. Сондай-ақ, «Аққу» фольклорлық би ансамблінің ұлттық нақыштағы билері жұртшылықты ерекше әсерге бөледі.

Абай – ұлт ойының аласармас биігі, мәңгілік руханияттың шамшырағы. Оның мұрасын ұлықтау – ортақ міндет. Қарағанды төрінде өткен бұл тағылымды кеш сол мұратқа адалдықтың, тіл мен әдебиетке деген құрметтің бір дәлеліндей.

Қазақ өлеңінің биігі, кемеңгер тұлға Абай Құнанбайұлы шығармалары арада қанша уақыт өтсе де, құнын, өзектілігін жоймақ емес. Бұл – ақын ойының бірнеше ғасыр алға озып кеткенін аңғартады. Біз бұған осы айтулы шарада көз жеткіздік.

Құттықтау



Арқа даласының сәукеле-сіндей Қарқаралы ауданына қарасты Сарыобалы ауылының тумасы, Саран қаласының тұрғыны Қайырбек Құнанбайұлын 80 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Еткен еңбегіңіз, жасаған жақсылығыңыз, өмір жолыңыздағы адалдығыңыз өзіңізді сыйлап, құрметтейтін жандардың жүрегінен мәңгі орын алды.

Сіз ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, отбасыңызға қорған, туған-туыстарыңызға қамқор, дос-жарандарыңызға сүйеу, айналаңызға өнеге бола білдіңіз. Өмір жолыңыз көпке өнеге, ғибратқа толы.

Сізді әрдайым қуантатын ізгілік пен қуанышты күндер көп болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, ортамызда аман-есен, қуанышты күндерде бірге жүруді жазсын! Өміріңіз нұрға, жүрегіңіз шаттыққа, дастарханыңыз ырыс-берекеге толы болғай!

Ардақтайды, қадірлейді ел сені,
Кең далаңдай пейіліңнің өлшемі.
Ғұмырлы бол, ер Қайырбек, асыл ұл,
Қарқаралы тауларындай еңселі!

Ізгі ниетпен апаңыз: **Дариға және Мақсұра әулеті**

№266

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

Табандылық табысқа бастайды



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Қарағанды облысы Шет ауданының Майбас қыстағында тұратын Арайлым Байдашова бес жылдан бері фермерлік шаруашылық шеңберінде трактор жүргізіп келеді. 30 жастағы үш баланың анасы, жұбайымен бірге ауыл шаруашылығының барлық жұмыстарына белсене атсалысады. Арайлым ауыр техниканы меңгеріп, өз ісімен басқа ауыл тұрғындарына күрделі жұмыстан қорықпай, еңбекке деген жаңа көзқарас қалыптастырып үлгерді.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арайлым Байдашова – «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алған, бірақ, табиғатқа, жер қыртысымен жұмыс істеуге деген құштарлығы оны өзге жолға бастады. Қазір ол жұбайымен бірге жылқы мен ірі қара өсіріп, қымыз пісіп, шөп жинайды. Арайлым трактор айдауды бес жыл бұрын үйренген. Бастапқыда бұл жұмыс оған қиын көрінген: техника ескі, жиі бұзылатын, оны қайта-қайта жөндеуге тура келді, әрі трактордың жұмыс қағидаттарын меңгеру оңай болмаған көрінеді. Бірақ, құбыеуіне қол ұшын беруге деген ықыласы мен еңбекке деген сүйіспеншілігі түрлі қиындықтарға қарамастан, ол үнемі алға ұмтылып отырады. Арайлым үшін әрбір қателік – тәжірибе, ал, әрбір жетістік – үлкен қуаныш.

Отбасылық фермерлік шаруашылықта міндет атаулысы ер адамның немесе әйелдің жұмысы деп бөлінбейді. Арайлым мен оның жұбайы барлық жұмысты бірлесе атқарады. Әсіресе, шағын бизнес үшін аса маңызды бұл. Себебі, мұндай кәсіпте

әрбір адамның көмегі ауадай қажет. Бір жыл бұрын отбасы жаңа трактор сатып алды. Заманауи техника олардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттырды. Қазір жұмыс үдерісі әлдеқайда жылдам әрі тиімді болуда. Ал, Арайлым мен оның жұбайы ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге дайын.

Жаңа техниканың арқасында біз көп нәрсені атқаруға үлгеріп бастадық. Жақында «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамынан жылдық 5%-бен жеңілдікті лизинг бағдарламасы бойынша екінші трактор сатып алуға өтінім бердік. Егер қолжетімді қаржыландыруды ескерсек, онда бізге шаруашылықты тек сақтап қана қоймай, оны одан әрі дамытуға да мүмкіндік туып отыр, – дейді Арайлым.

Қазір ауылдарды дамытуға көп көңіл бөлінуде. Мемлекеттің қолдауы, әлеуметтік мәселелерге назар аудару, өмір сүру жағдайларының жақсаруы – мұның бәрі жастардың өз туған жерінде тұрып, жұмыс істеуіне және ауыл өмірінде әлеуетті көруіне үлкен септігін тигізеді. Арайлым мен оның отбасы сияқты кәсіпкерлердің табысты тәжірибелері ауылдық жерлерде жаңа мүмкіндіктердің бар екенін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде жастардың ауыл шаруашылығына және ауыл кәсіпкерлігіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Сурет отбасылық
мұрағатынан алынған

• АГРОКЕШЕН

Баршынның бағланы

Бораш. Еңбекті сүйген ер, ауылына жанашыр, атымтай жомарт Боранбай Мұқаналиевтің ел ішіндегі екінші есімі осындай. Баршын ауылының өрісіне мыңғырған малын өргізіп, шаруашылығын шалқытып отырған еңбек ардагері ауылының шапағатшысы.

Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Боранбай Қасымбекұлы – жақсының жалғасы, тектінің тұяғы. Әкесі Қасымбек – Ұлы Отан соғысының ардагері, «Даңқ» және басқа да орденнің иесі. Адуынды әкенің тәлімімен жігерін жанып өскен жас жігіт әскерге шақырылған уақытта Ауғанстан жерінде оқ қарша борап жатқан еді. Сол уақытта әскери борышын ойдағыдай өтеген ол елге аман-есен оралады. Ауған соғысының ардагері Боранбай Қасымбекұлының да отырауында авиация генерал-майоры Талғат Бигелдинов атындағы, Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты», Сағадат Нұрмағамбетов атындағы медаль және «Интернационалист-жауынгер» атты төсбелгі бар. Мұның бәрі Қасымбек әкенің қанымен келген қайсарлықтың үлгісі.

Ауған даласынан орала сала, еңбекке араласып, шағын малмен шаруашылық құрады. Сол қысы-жазғы қып-қызыл бейнеттің, маңдай тердің өтеуі – өрісі толған малы. Бала кезінен малсақ боп өскен ол үйір-үйір жылқысының түгелін түрін түстей алады.

Сөйтіп, Боранбай Қасымбекұлының мұқалмас жігерімен бүгінгі күнге жеткен «Мұқаналиев» фермер қожалығы аудандағы іргелі агрокешенге айналып отыр.

Бүгінде мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Мал шаруашылығын дамытуда жеңілдетілген несиелер, қара малға субсидиялар беру, техниканы лизингке алу ісі қазір дұрыс жолға қойылған. Тек соларды шаруалар ұтымды пайдаланса болғаны. Осы қолдаулар арқылы шаруашылыққа жаңадан 5-6 мал қора салдық. Өзім «Сыбаға» бағдарламасымен 100 ірі қара алып, өсіріп отырымын. Байқау арқылы жалға жер алып, жайылымды кеңейттік. Малдың тұқымын асылдандыру мәселесі де қолға алына бастады. Бес бас асыл тұқымды бұқа әкелінді. Енді асыл тұқымды бұқа сатып алам деген шаруаға мемлекет тарапынан болатын көмек қазір



қомақты. Субсидия арқылы оның құнының белгілі бір бөлігін өтеп береді. Астанаға жақын маңайдан жер алып, мал бордақылау алаңын салдық, ол да өз жемісін беріп отыр, – дейді мемлекет қолдауын сезініп отырған шаруашылық басшысы.

Мал баққанға бітеді. Шаруаның басы-қасында Боранбай Қасымбекұлының өзі жүреді. Ат мініп, өрісін аралап, төрт-түлігін түгендемесе, көңілі көншімейді. Өмір салты солай. Содан да болар, еңбегі жанды, бейнеті бағын да, барын да еселеді.

Ауылды құл-қоқыстан тазалау, су құбырлары істен шығып қалса, оны жөндеу секілді шаруалар Боранбай мырза демеушілігімен жүзеге асады. Мұнымен қоса, ауылда қаңырап қалған ғимаратты өз қаражатына күрделі жөндеуден өткізіп, балалар мен жасөспірімдерге спортзал ашып берді. Қазір ауыл балалары бокс, күрес секцияларына барып жүр.

Ауылындағы тоқсан жастағы ананың ескі үйін сүріп, жаңа үй салып берген сақидың өзі. Ауылдың мектебіне, ауруханасына үнемі көмектеседі. Ауылдағы әлеуметтік топтағы ағайынға бір сайын соғым береді. Жылда бір үйірін соғымға сойып, таратып береді. Ал, былтыр Нұра ауданы

ның 90 мұқтаж отбасына ет тарап берген. Одан бөлек, мал сою алаңын салып, қолданысқа берді. Ауыл зиратын қоршап берді. Нұра өңіріндегі мәдени және спорттық іс-шараларға демеушілік көрсетеді. Пандемия кезінде ауылын тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етті. Мал жайылымындағы су шайып бұзылған екі бөгетті қалпына келтіріп берді. Көрші Тікенекті ауылындағы мешіттің құрылысына қаржылай көмегін көрсетті. Ауылына көшіп келгендерге де қарайласады. Соғымын, жем-шөбін, керек болса алдына малына дейін салып береді.

Боранбай Қасымбекұлы аудандық мәслихаттың бірнеше шақырылым депутаты. Ел аманатын орындау үшін ол Астана, Қарағандыға қатынап жүріп, ауылға «Билайн» мобильдік байланыс жүйесін орнатып беріп, халық ризашылығын алғаны бар. Міне, бұл атымтай азамат жасаған жақсылықтың біз білетін бір парасы ғана.

Ал, жары Зәуре Қазанбайқызы мемлекеттік қызметтің қазанында қайнаған жан. Қазір құрметті еңбек демалысында. Қызмет еткен жылдары ауылының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, елдің бата-сын алған. Зәуре Мұқаналиеваның еңбегі жанып, ҚР Мемлекеттік қы-

змет істері агенттігі ұйымдастырған «Үздік ауыл әкімі» республикалық байқауының «Үздік ашық әкім» аталымын жеңіп алған. Теңіз өңіріне өркеніет сыйлаған әкім ретінде есімі ел аузында. Ол әкім боп тұрған тұста атқарылған жұмыс аз емес. Атап айтар болсақ, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында көшелер асфальтталды. 284 жарық шамдары қойылды. Ауылдың полиция бөлімінің ғимараты күрделі жөндеуден өткен. Екі электр трансформаторы алынды. Төрт бірдей елдімекенге балалар ойын алаңы орнатылды. Ауыл жастарына арналып, Коворкинг орталығы ашылған. Ауруханаға жаңа жылыту қазандығы қойылған. Және жедел-жәрдем көлігі сатып алынған. Мектеп балаларын тасымалдауға автобус сатып алынған.

Мұнымен қоса, жас мамандарға екі пәтерлі үй салынған. Екі бірдей дөңгелек жөндеу шеберханасы мен наубайхана, кафе ашылып, қазір ауыл халқына қызмет көрсетіп отыр. Осындай игілікті істің бәріне Зәуре әкім ұйытқы болған. Азамат қолдауды әріне, асыл азаматы Боранбай Қасымбекұлы көрсетіп отырған.

Жары Зәуреш екеуінің осыдан қырық жыл бұрын құрған шаңырақтары бүгінде аһарлы-шаһарлы әулетке айналған. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Балаларының бәріне еңбекті ертеден үйреткен екеуі бала-шаға мен немере-жиендердің қызығына келіліп отыр.

Маңдай тер түбі төрге шығарады. Еңбегімен еңселі Боранбай Қасымбекұлы абыройдың биігінде, құрметтің төрінде. Кеудесінде Мемлекет басшысының Жарлығымен берілген «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат» медалі жарқырап тұр. Және де Нұра ауданының Құрметті азаматы.

Теңіз өңірінің өркендеуіне телегей-теңіз үлесі бар Баршын бағланының алтын жүрегі осылайша, «ауылым» бүлкілдейді. Ардақты азаматты ауылы да сөйкесінше алақанына салып отыр. «Бұдан асқан қандай бақыт бар?», дейді атымтайдың өзі. Рас-ау...

Нұра ауданы

Сурет кейіпкердің жеке
мұрағатынан

Мерейі тасыған отбасылар

Саран қалалық Мәдениет үйінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің қорытындысы шығарылып, қалалық комиссияның шешімімен жеңімпаз болып танылған 5 отбасыны марапаттау рәсімі өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы салтанатта сөйлеген сөзінде Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев:

Дана халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп айтқандай, айрандай ұйып, татулығы мен бірлігі жарасқан отбасылар – еліміздің тірегі, өзгелерге өнеге. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңіне қатысып, сыннан сүрінбей өткен отбасылардың мерейі тасыған күн бүгін, – деді.

Келесі кезекте сахна төріне жеңімпаз отбасылар шақырылып, өздеріне тиісті сый-сияпаттары мен жүлделерін алды. Мәселен, «Бақытты отбасы» аталымында Жорахандар отбасы мен «Өнегелі отбасы» аталымында Балмағанбетовтер отбасына қала әкімінің Алғыс хаты мен бағалы сыйлықтарды комиссия мүшелері, қалалық мәслихаттың депутаты Жанбол Жаяубаев пен жеке кәсіпкер Людмила Ваймер тапсырды.

Ал, байқауда үшінші орын алған Тілеубектер отбасына диплом мен 100 мың теңгенің сертификатын қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Гүлжиян Жүсіпбекова



табыс етсе, екінші орын иегері Хасеновтер отбасына диплом мен 150 мың теңгенің ақша сертификатын қалалық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы, Саран қаласының Құрметті азаматы Болат Абыров берді. Байқауда бірінші орыннан көрініп, басты жүлдегер атанған Ключниковтер отбасына диплом мен 200 мың теңгенің ақша сертификатын қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев табыстады.

Енді осы отбасылардың қай-қайсын алсақ та, үлгі етуге тұрарлық. Жастары отыз бен қырықтың арасындағы жас ерлі-зайыптылардың жұрт алдына топ баласын ертіп шыққандары көңіл сүйсінтіп, жарасып-ақ тұрды. Соның ішінде 48803 әскери бөлімнің қызметкері Шыңғысхан Жорахан мен халыққа

қызмет көрсету орталығында еңбек ететін Назерке Ерденова, жеке кәсіпкерлер Ерқанат пен Айнура Балмағанбетовтер төрт-төрт баласымен келсе, бес бірдей баласын ерткен жеке кәсіпкер Алтынбек Хасенов пен үй шаруасындағы Айдана Рысбаеваның отбасын көргенге көз тояды. Бұлардан сәл жастау, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Ринат Тілеубеков пен үй шаруасындағы Лаура Қанашеваның жанында екі балдырғаны еріп жүрсе, үш баласын жетектеген «Тентек» шахтасының комбайншысы Константин мен зертханашы медбике Анастасия Ключниковтер де бұлардан қалыспай, халқымыздың демографиялық өсіп, дамуына өз үлестерін қосуда. «Бір қозы артық туса,

бір түп шөп артық өседі» демекші, өмірге өз несібісімен келген бұл балақайлардың ертеңгі күні жаңа Қазақстанның білікті де білімді азаматтары болары анық.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің қорытынды кешінде Қали Байжанов атындағы облыстық концерттік бірлестіктің әншісі Ербол Алшынбай оның мазмұнына сай «Жаңұя», «Ағайындағар-ай», ардагер аналар тобы «Асыл әжелер» әндерін шырып, саксофоншылар өнер көрсетті.

Ең соңында алдағы «Мерейлі отбасы» байқауының облыстық сынына Хасеновтер мен Ключниковтер отбасы баратын болып шешілді.

САРАН

Сурет
ұйымдастырушылардан

ТОО «АлемGaz» проводит публичные слушания по рассмотрению полугодового отчета о деятельности ТОО «АлемGaz» по предоставлению регулируемой услуги «Транспортировка сжиженного углеводородного газа по газопроводам от ГРУ до крана на вводе потребителя» перед потребителями и иными заинтересованными лицами за 1 полугодие 2025 года, которые состоятся 30 июля 2025 года в 11.00 часов в здании офиса ТОО «АлемGaz» по адресу г. Караганда, ул. Григория Потанина, стр.125/1, а

также в режиме онлайн посредством подключения к прямому эфиру аккаунта #tooalemgaz социальной сети Instagram.

На слушания приглашаются потребители и иные заинтересованные лица.

Желающие могут подключиться к прямому эфиру аккаунта #tooalemgaz в 11.00 30.07.2025г.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ғалымның аты да, хаты да өлмейді

«Жаксынын аты, ғалымның аты өлмейді» деген біздің жұрт. Қарағандыда физика ғылымының биігіне шығып, әлем ғалымдары «Ғасыр адамы» деп мойындаған академик Темірғали Көкетай атындағы ұлт мұрасын сақтау мен насихаттау орталығы ашылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық Н.Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасында ашылды. Бұл – республикалық «Қазақ клубын» бастамасымен ашылған орталық. Мұнда академик Темірғали Көкетай бірінші құрметті төраға болған.

Салтанатты ашылу рәсмінде жиналғандарға есімі тарихта қалған академик жайлы бейнесюжет көрсетіліп, орталықтың мақсат-міндеттері туралы айтылды.

«Qazaq club» жетекшісі Нұржан Сұршаұлы орталықтың миссиясына тоқталды.

– Ұлт мұрасын сақтау және насихаттау орталығы «Қазақ күнтізбесі», «Тәуелсіздік лентасы» және төсбелгісі, «Жауынгерлік даңқ» лентасы мен төсбелгісі, т.б бірегей жобаларын жұртшылыққа одан әрі насихаттауға арналып ашылды. Орталықта келешекте таныстырылуға әзірленіп жатқан 10-ға жуық жоба бар, – деді Нұржан Сұршаұлы.

Сонымен қатар, тарихшы Темірғали Аршабек қазіргі уақытта облыстық мұрағатта академиктің мұрасы цифрланып, дерекқорға енгізілгенін хабарлады.

Орталық – Республикалық «Qazaq club»-тың 30-шы жобасы. Алдағы уақытта мұндай орталықтарды Астана және Алматы қаласында Ұлттық кітапхана базасында ашу жоспарлануда. Аталған орталықтар Абылай хан және Мөде қаған есімдерімен аталамақ.

«Qazaq club»-тың бірегей жобасы болып табылатын «Қазақ күнтізбесі» бүгінде облыстың 417 мектебінің, 54 колледжінің, 200-ден астам балабақшасының бағдарламасына енгізілген.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттауға бағытталған медиажоспарлардың әзірленіп, жұртшылыққа таныстырылатынын айтты.

• АЙТЫС

Арқа абыройын асқақтатты

Маңғыстаудың маңғаз даласынан Арқаға сүйінші жаңалық жетті. Ақтауда «Маңғыстау – түркі мәдениетінің төрі» атты республикалық командалық айтыстың актық сайысы өтті. Актық сында Қарағанды облысы мен Түркістан облысының құрамасы жыр додасына түскен еді. Ақындарымыз жеңіске жетіп, Арқадағы айтыс мектебі мен жыр сүйген жұртының мерейін үстем етті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық командалық айтыс – дәстүрлі өнер түрлерін жаңғыртып, бес түрлі ұлттық өнерді бір арнаға тоғыстырған ауқымдық мәдени жоба. Ерекше форматтағы жоба былтыр «АМАНАТ» партиясының бастамасымен ұйымдастырылған еді. Жобаның авторы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтаев.

Жобаның барлық кезеңінде ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің

халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман қазылық етті.

Командалық айтыста сүре, түре, қайым, қыз бен жігіт, өтірік өлең сынды көнеріп бара жатқан айтыс түрлері қайта жаңғыртылды. Тіпті, сахнада жыр мен терме де, қазақтың классикалық әні де орындалды. Күйшілер де күй тартысқа шықты. Бұл – жобаның ерекшелігі.

Жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты Нұртөре Жүсіп қазылар алқасының төрағасы болды. Жыршы, термеші, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов пен күйші, Қазақстанның халық әртісі Айгүл Үлкенбаева және әнші, профессор,

Қазақстанның халық әртісі Айгүл Қосанова, айтыскер ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәліс Қосымбаев, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қалқаман Сарин қазылық етті.

Қарағанды облысының құрамасын белгілі айтыскер ақын, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы облыстық филиалының төрағасы Айтбай Жұмағұлов бастап барды. Белгілі жырау, айтыс өнерінің белді өкілі, Қазақстан Республикасы «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Тілеген Әділов жыр додасына түсті. Белгілі әнші Қазыбек Әдікей мен дарынды айтыскер ақын, 2023 жылғы «Алтын домбыра» иегері Максат Аканов және «Күміс

домбыра» республикалық жас ақындар айтысының бас жүлде иегері Нұрмұхамед Байсүгір де команда құрамында. Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің Тәттімбет атындағы оркестр құрамының күйшісі Балқан Смағұлов күй тартысқа шықты. «Құрмет» орденінің иегері, дүлдүл әнші Сержан Мұсайын мен талантты әнші, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Медет Осатаев қазақтың классикалық әндерін шықады. «Айтыс ақтангері» төсбелгісінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дидар Қамиев жыр додасына түсті. Жас айтыскер ақын Жанарыс Тілеубек болса, команданы жырмен таныстырды.

Актық сынға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдулет Қилыбай арнайы қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Облыс құрамасын бастап барған Айтбай Жұмағұлов «Мұндай мега жобадан Арқа даласынан барған команданың топ жаруы – зор абырой» дейді.

– Қаншама өнерді бір жобаға біріктірген мега жобаға қатысып, топ жарғанмыз – зор қуаныш. Түркі мәдениеті тоғысқан Маңғыстау бізге керемет әсер сыйлады! Жиырма команданың ішінен финалға шықтық. Бірінші Семей, одан кейін Павлодар облыстарынан, Астана қаласынан басым түстік. Команда құрамына кіл дүлдүлді іріктеп алдық. Айтыскер ақыны, әншісі, күйшісі болсын, бәрі республикалық деңгейде үздік болып жүргендер. Ұлттық өнеріміз жаңғыра берсін! – деді Айтбай Жұмағұлов.

Маңғыстаудан сүйінші хабар жетісімен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әлеуметтік желідегі парақшасында өңір абыройын асқақтатқан өнерпаздарымызды құттықтады. Құттықтауда «Біздің өнерпаздарымыздың Маңғыстау – түркі мәдениетінің төрі» атты республикалық айтыста қол жеткізген жеңісімен құттықтаймын! Қарағанды облысының құрамасы бұл айтыста сөз саптау шеберлігімен, ән, жыр, күй өнерінен жоғары деңгейден көріне білді. Бұл жетістік өскелең ұрпақты мәдени мұрамызды сақтауға және құрметтеуге ынталандыратыны сөзсіз», – делінген.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БОКС

Жеңімпаздар құрмет төрінде

Бокстан Астанада өткен Әлем кубогында ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қос жерлесіміз ел қоржынына бір алтын және бір қола жүлде салған болатын. 75 келіде сынға түскен Сабыржан Аққалықов қарсылас шақ келтірмей үздік шықса, 65 келі салмақ дәрежесінде жұдырықтасқан Анда Әбікеева қола жүлде еншіледі. Сонымен қатар, 34 жастағы кәсіпқой боксшы Милана Сафронова сегіз жылдық үзілістен кейін қайта рингке көтеріліп, бірінші жекпе-жегінде жеңіске жетті. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәниев Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында жеңімпаздарды қабылдап, құрмет көрсетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында қос спортшының жаттықтырушысы Александр Насибуллин мен Ислам Абдраимов та көпшілік сұрағына жауап берді. Спортшылар жайында сөз қозғап, алдағы жоспарын мәлімдеді. Спорт қайраткері Нұрғазы Жарылғапов та спортшыларды құттықтады. Ал, Серік Жұманғалиұлы боксшыларға жоғары бағасын беріп, жылы лебізін білдірді.

– Қарағандылық боксшылардың жеңісі өңір спортын одан әрі дәріптеп, жаңа шыңға жетелейді. World Boxing аясында Астанада өткен бокстан Әлем кубогының кезеңі Қазақстан құрамасы үшін оңай болмады. Команда спортшылары 16 медаль жеңіп алды. Оның сегізі – алтын. Әрі жалпыкомандалық есепте ұлттық құрама көш басына шықты. Осы нәтижеге біздің боксшыларымыздың үлес қосқанына өте қуаныштымын, – деді басқарма басшысы.

Сабыржан Аққалықов – Қарағанды бокс мектебінің түлегі. Алайда, кейінгі жылдары Орал облысының атынан шығып, сол аймақтың намысын қорғап жүрген. Алайда, осы Әлем кубогында Қарағанды облысының атынан

шығып, облыс қоржынына алтын медаль салды.

– Менің таза салмағым – 80 келі. 75 келіде жұдырықтасу үшін салмақ қудым. Әрине, салмақ тастау оңай емес. Жаттығуды тыңғылықты жасап, арасын үзбедім. Бастапқыда облыстық бокс федерациясы тарапынан ешқандай қолдау болмаған соң Орал облысының атынан шыққанмын. Ол жақтан маған ұсыныс келіп түсті. Ал, ол ұсыныстан бас тарта алмадым. Қазір бәрі басқаша. Алдағы уақытта қандай жарыс болса да, Қарағанды облысының атынан шығамын – деді чемпион.

Спортшы жарыстың үшінші күні шыққан қарсыласы канадалық Джошуа Офоримен өткен кездесуі жайында айтып берді.

– Бұл кездесу мен үшін қиынға соқты. Себебі, шаршы алаңға бірінші көтерілген күнім еді. Рингке үйренісіп, аурасын сезінгенімше дұрыс жұдырықтаса алмадым. Актық бөсекеде кездескен қарсыласымен бұған дейін де қолғап түйістіргенбіз. Болғарияда өткен «Странджа кубогының» жартылай финалда жолығып едік. Ол кезде де қарсыласымын басым түскенмін. Ал, басқа қарсыластарыммен бірінші мәрте кездесуім. Олар да әр салмақтан ауысып келген спортшылар. Алдағы уақытта салмағымды 80 келіге, яғни,

Олимпиада салмағына көтеруді жоспарлап отырмын, – деді ол.

Ал, Анда Әбікеева 1/8 финалда Ұлыбритания елінің өкілі Дионе Бурманмен кездесіп, қарсыласын басымдықпен жеңген болатын. Ал, жартылай финалдық сында Оңтүстік Кореялық Кан Сукемен қолғап түйістіріп, қарсыласынан айласын асырған болатын. Ал, 1/2 финалда түркиялық Бусеназ Сурменелимен қолғап түйістіріп, осы кезеңнен сүрінген еді.

Жерлесіміздің қолына бокс қолғабын кигеніне де он алты жылдың жүзі болыпты. Бірақ, жастайынан өзі футболға әуестенген. Кейіннен ата-анасы бокс үйірмесіне беріп, осы спортқа алып келіпті.

– Жартылай финалда күшім де, салмағым да жетпей қалған сыңайлы. Олай дейтінім, бұған дейін 63 келіде жұдырықтасқан едім. 65 келі мен үшін жаңа салмақ. Яғни, Олимпиада салмағы. Жаңа салмақта дайындалып та үлгермедім. Аз уақыт ішінде физикалық тұрғыдан күш жинай алмадым. Осы тұрғыдан қателескенім бар. Түрік боксшысымен өткен кездесу өте ауыр болды. Қарсыластым – Олимпиада чемпионы. Әрі үш дүркін Әлем чемпионатының жеңімпазы. Өз басым осы бөсекеге алтын аламын деп келіп едім. Енді жаттықтырушымен бірге



кателіктермен жұмыс істеу керек. Шаршы алаңда жекпе-жек өткізіп, әлемдік ареналарда өнер көрсетуді атам армандаған екен. Енді алдағы уақытта Олимпиада жолдамасы үшін барымды саламын, – деді жүлдегер.

Түркияның Стамбұл қаласында өткен IBA.PRO 7 кәсіпқой бокс турнирінде 34 жастағы Милана Сафронова кәсіби мансабындағы алғашқы жекпе-жегін өткізіп, жеңіске жетті. Жерлесіміз бұл кездесуде әуесқойлар арасында екі дүркін Әлем чемпионы, 40 жастағы түрік боксшысы Гүлсұм Татармен жұдырықтасқан болатын. Алты раундқа жоспарланған

кездесу соңына дейін өтіп, нәтижесінде төрешілердің шешімімен жеңіс қарағандылық боксшыға берілген.

– Мәскеу қаласында жаттықтырушыларымыздың нұсқауымен тыңғылықты жаттықтым. Қарағандыдағы жаттықтырушымыз Ғалымбек Кенжебаев, Нұрғазы Ғалымұлына да зор алғысымды білдіремін. Маған сенім артып, үнемі ақылын айтып отырады. Көптен бері шаршы алаңға шықпаған маған қолдау көрсетіп, демеу болған барша жакындарыма мың алғыс, – деді кәсіпқой боксшы.

Милана Сафронова кәсіби боксқа ресми түрде 2017 жылы

ауысқан екен. Алайда, жаттықтырушысы «Сенің тәжірибең аз» деп көп жекпе-жекке шығармапты. Содан барып, спортшы әуесқой боксқа қайта келіп, түрлі турнирлерге қатысып, тәжірибе жинақтады. Нәтижесінде, үш мәрте ел чемпионатын жеңді. Кейін Әлем чемпионатының жүлдегері, Азия чемпионатының жеңімпазы атанды. Осыдан жарты жыл бұрын әуесқой бокста Азия біріншілігіне тағы бір мәрте қатысып, қола жүлдегер атанады. Содан бері әуесқой бокста жарты жыл, кәсіби бокста 8 жыл жекпе-жек өткізбеген.

Суретті түсірген автор

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымыз 3 498

№74 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Артық» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.